



Ордалы
30
жыл

27 АҚПАН

• 2004 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы құрылды.

• 2006 жылы Орал қаласының 30 көшесі атауларын өзгертті. Қазақтың ұлы композиторы Құрманғазы, көрнекті саясат қайраткері Әбілқайыр ханның, батыр қыздарымыз Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың, академик Асан Таймановтың, профессор Мәтжан Тілеужановтың және Всесолод Ивановтың, атақты домбырашы Дина Нұрпейісованың, ақын Әбубәкір Кердерінің, Жұбан Молдағалиевтің және Қасым Аманжолұлының, жазушы Никита Савичевтің, ойшыл Ғұмар Қараштың және тағы да басқа белгілі тұлғалардың есімдері берілді.

• 2013 жылы Астана коллекционерлерге арналған «Абай» эксклюзивті кітабының таныстырылымы өтті. Ол небәрі 20 данамен шығарылған. Әр беті күмістен ұлттық оюлармен өрнектеліп, таза теріден жасалған.

28 АҚПАН

• «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының құрылған күні.

• 2002 жылы Алматыда Орта Азия мемлекеттерінің басшылары Орта Азия ынтымақтастық ұйымын құру туралы келісімге қол қойды.

• 2007 жылы Иерусалимде (Израиль мемлекеті) Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруі жөнінде екіжақты келіссөздер өтті.

• 2012 жылы Женевада БҰҰ Ұлттар сарайында «Қазақстан» көп салалы залының таныстырылымы өтті. «Қазақстан» залы синхронды аударма үшін, фильмдерді көрсету және концерттік бағдарламаларды қою үшін жаңа техникамен жабдықталған.

• 2012 жылы Брюссельде «Еуропа-Кавказ-Азия» (ТРАСЕ-КА) көлік дәлізін дамыту бағдарламасы бойынша инвестициялық форум өтті. Қазақстан бұл жиында «Ташкент-Шымкент» автожолын қайта қалпына келтіру жобасын ұсынды.

• 2013 жылы Ресейдің Санкт-Петербург қаласында Ақпараттық іскерлік орталығын құру туралы Келісімге қол қойылды.

«БАРЛЫҚ МӘСЕЛЕНІ ДҰРЫС ЖӘНЕ ТИІМДІ ШЕШЕ АЛАМЫЗ»

Мемлекет басшысы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бесінші отырысына қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыруға зор үлес қосып келе жатқанын және кеңесте қабылданған шешімдер еліміздегі жүргізіліп жатқан реформаларға тың серпін бергенін айтты.

– Бүгінгі таңда Ұлттық кеңестің ұсынысымен 13 заң қабылданды. Тағы 9 заң жобасы әзірленіп жатыр. Заң шығару жауапты және күрделі жұмыс екені баршаға белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, Кеңес мүшелері ауқымды істер атқаруда. Ұлттық кеңес алғашқы кезеңде өз қызметін консультативті-кеңесші орган ретінде бастады. Ал бүгінде жаңа реформалар ұсынатын маңызды құрылымға айналды, – деді Қазақстан Президенті.

ТҰРҒЫН ҮЙ МӘСЕЛЕСІ ӘЛІ ДЕ ӨЗЕКТІ

Мемлекет басшысы Ұлттық кеңес ұсынған шаралар мен бастамалар жайында өз ойымен бөлісті. Ең алдымен, тұрғын үй және экономика саясатын жетілдіру бағытына қатысты пікір білдірді. Бүгінде қазақстандықтар өз зейнетақы жинағының бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсартуға пайдалана бастады. Айналасы бір айдың ішінде ғана мыңдаған азамат көптен күткен баспанасын алды, ипотекасын өтеді немесе несиеcін азайтты. Дегенмен, тұрғын үй мәселесі әлі де өзекті болып отыр.

– Мен Үкіметтің қаңтар айындағы кеңейтілген отырысында тұрғын үй саясатын жетілдіру үшін жаңа ұсыныстар әзірлеуді тапсырдым. Үкімет айтарлықтай тиімді



ұсыныстар берді. Жалпы бұл ұсыныстарды қолдаймын. Дегенмен, нарықтың өз ережесі бар. Нақты экономикалық факторларға байланысты құрылыс компаниялары қазір арзан үй салуға мүдделі емес. Сол себепті қолжетімді әрі сапалы үй салуды жандандыру үшін құрылыс компанияларымен оффтейк, яғни, алдын ала сатып алу келісімін жасау керек. Соған сәйкес тұрғын үйлер «Нұрлы жер» бағдарламасындағы бағамен сатып алынады. Мұндай тәсіл сынақ жобалары аясында алдын ала пысықталды. Енді мұны бүкіл ел бойынша жүзеге асырған жөн. Бұл қадам аз уақыттың ішінде құны қолжетімді жаңа тұрғын үйлер салуға мүмкіндік береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент ауылдық жерлердегі тұрғын үй мәселесін шешу үшін кәсіпкерлер өз жұмысшыларына арнап үй салса, оған кеткен шығынның 50

процентіне дейін қайтаруды ұсынды. Бұл ұсыныс ауылды дамытуға жан-жақты септігін тигізіп, экономикалық белсенділікті арттырып, қажетті мамандарды, ең алдымен, мұғалімдер мен дәрігерлерді, мал дәрігерлерін тартуға мүмкіндік береді. Үкімет бұл тәсілді осы жылдың екінші жартысынан қалдырмай қолданысқа енгізуі керек.

Мемлекет басшысы аймақтардағы әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың жұмысын қайта реформалап, оларды толыққанды институтқа айналдыру қажет деп санайды. Олардың жұмысы ашық әрі қоғамның толық бақылауында болуға тиіс. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың қызметін үйлестіру үшін Ұлттық экономика министрлігінің құзыретін күшейту керек. Экономиканы әртарапандыру және оның энергия сыйымдылығын төмендету шараларымен қатар, «жа-

сыл технология» бағытына қадам баса беру керек.

– Дәл осындай стратегиялық маңызды салаға қатысты мемлекеттік саясаттың ұстанымдары мен шаралары белгісіз күйінде тұр. Сондықтан баламалы энергетиканы дамыту мәселелері бойынша жаңа заң әзірлеу қажет. Онда жаңартылатын энергия көздерін ғана емес, барлық баламалы қуат көздерін реттеудің тәсілдері мен нормаларын да көрсету керек. Үкіметке тиісті заң жобасын әзірлеп, оны Парламенттің қарауына енгізуді тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

БІЛІМ МЕН ДЕНСАУЛЫҚ БАСЫМДЫҚҚА ИЕ

Қасым-Жомарт Тоқаев білім саласын дамыту қажеттігін атап өтіп, Үкіметке 600 қазақстандық білім беру ресурстарына лимитсіз қол жеткізе отырып, «Білім» ұялы операторларының тарифтік жоспарын мерзімін шектемей ұзартуды, сондай-ақ, мектептердің отандық білім беру ресурстарына тегін қол жеткізуін қамтамасыз етуді тапсырды.

– Тағы бір маңызды міндет – педагогика және медицина кадрларын даярлау. Қазірдің өзінде көптеген өңірлерде осы сала мамандарының тапшылығы ерекше байқалып отыр. Бұл – өте күрделі мәселе. Оны жедел шешуіміз керек. Мемлекет осы ахуалды түзету үшін нақты шараларды қолға алды. Мұғалімдер мен дәрігерлердің жалақысын көбейтіп, әлеуметтік мәртебесін арттырып жатырмыз. Бұған дейін біз педагогикалық жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің стипендиясын көтеру туралы шешім қабылдадық. Бұл қадам өз жемісін берді. Сондықтан медициналық оқу орындарындағы стипендияны көбейту қажет, – деді Президент.

2-бет

● ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ – 175

«Халық – менің шын атым»

немесе Жамбыл музейіне барғанда



Қазақтың кең-байтақ даласының әр қиырының өз ерекшелігі бар. Бірі тарихымен, бірі табиғатымен таңғалдырады. Солардың арасында ақындар жырға қосқан жер жәннаты – Жетісудың орны бөлек. Өзен-көлдері, тау-тасы, жазық даласы, жанға жайлы ауасы – бәрі-бәрі бір көргеннен көңіл түкпіріне орнай қалады. Ұлылардың ізі қалған мекеннің тарихы мен тұлғаларына деген қызығушылығың арта түседі. Осыдан біршама уақыт бұрын Алматы облысы әкімдігі, ішкі саясат басқармасы мен «Jetisu Media» мекемесінің ұйымдастыруымен өткен І республикалық Press summit кезінде биыл туғанына 175 жыл толатын Жамбыл бабаның музейіне жол түскен еді.

Sp Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

6-бет

● ЖОЛСАПАР

ТЕҢІЗБЕН БІРГЕ ТЫНЫСТАУ

ЕКІНШІ КҮН

«Әлемдік деңгеймен қарасақ, тауарлы балық өсіруде Қытай мемлекеті алда екен. Халқын да қосымша балық өнімімен асырап отыр. Ал көрші Өзбекстанда бұл жұмыстар өте қарқынды. Ондағы көл жүйелері тауарлы балық өсіруді әлдеқашан қолға алған.

Біздің аймақта «Балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы» іске қосылды. Аймақта 207 көл болса, соның ішінде тұрақты сумен қамтылатын 55 көл комиссия шешімімен нақтыланған. Бұйырса, осы көлдер тауарлы балық өңдейтін шаруашылыққа айналады деген үмітіміз бар. Айтылған су айдындары осы шаруашылыққа көшсе, бір жағы кәсіп, екінші жағынан табиғат қоры да жақсы сақталары анық. Бұған жергілікті жерден тұрғындардың жұмыспен қамтылатынын қосыңыз. Мейлі, екі адам болса да».

«Теңізбен бірге тыныстап» қайтқан тілшіміздің жолсапарының екінші күні туралы 5-ші бетте жарияланып отыр.



Тарих пен тағдыр табыстырған

Алғыс айту. Құрмет қылу. Ықылас таныту. Мейірім төгу. Адамзатта бұрыннан бар ізгі қасиеттерді күнделікті тұрмыста істеп келеміз. Сонысымен алдыңғы буыннан кейінгі ұрпаққа өнеге. Ақтарылған тілек пен алғаусыз көңіл – адам жанын шуаққа бөлейтіні шын мәнісінде ғажап дүние.

Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2016 жылдың 14 қаңтардағы Жарлығы ел есінде. Елбасы көктем айының алғашқы күнін «Алғыс айту» күні деп бекітті. Бұл – «Мәңгілік Ел» бірлігін айқындайтын, ортақ тарих және тарихи сана негізінде нығайту мен дамытудағы өз құндылығымызды ашып көрсететін мереке.

«Алғыс айту» күні, біріншіден, елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің алғышарты еді. Түрлі тағдыр тәлкегімен еріксіз қоныс аударған жүздеген этнос өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай халқына деген терең тағзымның белгісі.

Қазақ халқы қиын-қыстау заманда олардың басына түскен ауыртпалықты бірге көтерді. Бұл бауырластық болатын. Ал сол қасиет бүгінде елдегі түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшемін айғақтайды.

Тұңғыш Президент бұл мереке жайлы: «Қазақстан халқы ассамблеясы құрылған күн – 1 наурызды жыл сайын барлық этностардың бір-біріне мейірбандық танытып, ол адамдарды өз туғанындай қабылдаған қазақтарға алғыс айту күні ретінде атап өту әділетті болар еді. Ол бізді бұрынғыдан да гөрі жақындастыра түспек. Бұл күн мейірімділіктің, бүкіл қазақстандықтардың бір-біріне деген достығы мен махаббатының жарқын мерекесі бола алар еді», – деген болатын.

Аталған мереке – қиын заманда бірге иық тірестірген, түрлі дағдарысты еңсеріп, қысқа мерзім ішінде Елбасы басшылығымен Тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай тер төккен Қазақ жұртындағы барлық азаматтардың бір-біріне құрмет білдіретін күні.

Бұл туралы толығырақ газетіміздің 3-бетінен оқи аласыздар.



Қасым-Жомарт Тоқаев инклюзивті қоғамдық орта қалыптастыру мәселесіне жеке-дара тоқталды. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жүйелі түрде қолдау дамыған және әлеуметтік жауапты мемлекеттерге тән. Қазақстан бұл бағыттағы жұмысты үнемі жақсартып отыруға тиіс. Себебі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны өсуде. Сонымен қатар мұндай іске мамандандырылған ұйымдардың алаңсыз жұмыс істеуі үшін қолда-ныстағы нормалар ескірген.

«БАРЛЫҚ МӘСЕЛЕНІ ДҰРЫС ЖӘНЕ ТИІМДІ ШЕШЕ АЛАМЫЗ»

– Өңірлердің ерекшеліктерін және қазіргі заманғы стандарттарды ескере отырып, аталған саладағы нормативтерді жаңарту қажет. Бүгінде бір психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия 60 мың баланы қамтиды. Олардың жұмысының тиімділігін арттыру үшін бұл нормативті 50 мың балаға дейін төмендету керек. Балаларды сәби кезінен бастап скринингтен өткізу ісін жақсарту, алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдары жанындағы әлеуметтік қызметтердің жұмысын күшейту қажет. Уәкілетті органдар ерекше қажеттіліктері бар бала мен оның отбасы үшін бірыңғай маршрут түрінде іс-қимылдардың түсінікті алгоритмін жасауы тиіс. Өңірлердегі арнаулы мекемелерді ескере отырып, онда бала дүниеге келгеннен бастап мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтің барлық түрі ұсынылуы керек. Білім және ғылым министрлігі ерекше балалардың білім алу құқықтарын іске асыру мәселесіне айырықша назар аударғаны жөн, – деді Мемлекет басшысы.

ҰТЫМДЫ БАСТАМА

Президент мүгедектікті анықтау рәсімдерін жеңілдетуді тапсырды. Ол үшін Денсаулық сақтау министрлігі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараттық жүйелерін біріктіру керек. Осылайша азаматтар өздеріне қажетті қызметтің барлығын бір ғана медициналық мекемеден алуға тиіс. Бұл жоба биылғы 1 шілдеден бастап сынақ ретінде, ал 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап толыққанды жүзеге асуы қажет. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың тұрғын үйлерге, әлеуметтік нысандарға кіріп-шығыын және көліктерге мініп-түсуін қамтамасыз ету мәселесі де өзекті.

– Іс жүзінде жүріп тұруы қиын азаматтардың өздігінен үйден шыға алмай қалатын кездері болады. Бұл жерде олардың қандай да бір нысанға баруы және оның ішінде өздігінен жүріп тұруы туралы айтудың өзі артық. Мұндай күрделі әрі қолайсыз жағдайды түбегейлі өзгерту қажет. Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың қажетті нысандарға қиындықсыз жетуін қамтамасыз ету үшін «табалдырықтан табалдырыққа» қағидаты бойынша жұмыс істейтін нақты нормативтік-құқықтық актілерді тез арада қабылдау қажет. Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдар Қажетті нысандардың тізімін немесе картасын әзірлеуі тиіс. Аталған тізімде барынша қажетті ұйымдар, олардың қатарында халыққа қызмет көрсету орталықтары, денсаулық сақтау, білім беру және басқа да мекемелер болғаны жөн. Соның негізінде әкімдер аталған нысандарды талаптарға толық сәйкестендіруі керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы адам құқықтарын қорғауға қатысты Үкімет, жұмыс берушілер мен кәсіподақ өкілдері әзірлеп жатқан Қазақстандағы еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2025 жылға дейінгі іс-қимыл жоспарының маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссарының басқармасы әзірлеген 14 жаһандық индикатор негізінде адам құқықтарын сақтау бойынша бағалау жүйесінің Ұлттық индикаторларын кезең-кезеңімен енгізуді жолға қою ұсынылды. Өскелән ұрпақтың денсаулығын «әлеуметтік кеселдерден» қорғау мақсатында кәмелетке толмағандарды құмар ойындарға тартқан немесе сондай жағдайға жол берген заңды тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарту ұсынылды. Әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсету мәселесі де өткір әлеуметтік проблема ретінде айтылды.

– Жыл сайын елімізде әйелдерге қатысты 2,5 мыңнан астам қылмыстық іс тіркеледі. Оның ішінде адам өліміне алып келетін жағдайлар да бар. Бұл өткір мәселені шешу үшін мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың күш біріктіруі қажет. Бұл ретте, Ішкі істер министрлігіне қарасты 1999 жылы құрылған Әйелдер мен балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі арнайы бөлімшелер маңызды рөл атқарады. Аталған бөлімшелер полиция мен азаматтық қоғамның арасында дәнекер болуы керек. Алайда кезінде олардың шаттық саны, әсіресе, тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері жиі тіркелетін аймақтарда екі есеге дейін қысқартылды. Ішкі істер ми-

нистрлігіне Әйелдер мен балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі арнайы бөлімшелердің штатын қайта қалпына келтіруді тапсырамын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында түзеу мекемелері мен полицияның арнайы ғимараттарындағы «көзден таса» ұчаскелерді бейнебақылау жүйесімен толық қамтамасыз етуді тапсырған болатын. Енді аталған мақсатты іске асыру үшін Ішкі істер министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен

және құқық қорғаушылармен бірлесіп, нақты іс-қимыл жоспарын әзірлеуі тиіс. Бұдан бөлек Парламентке адвокаттардың кәсіби әдеп сақтамағаны және заң көмегін көрсету қағидаттарын бұзғаны үшін өмір бойына лицензиясыннан айыру туралы норманы алып тастау мәселесін қарастыру ұсынылды.

КЕНТ, АУЫЛ, АУЫЛДЫҚ ОҚРУГ ӘКІМДЕРІ САЙЛАНАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев саяси реформаларды дәйекті іске асыруға баса мән береді. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың жаңа тұжырымдамасын әзірлеу аясында тиісті заң жобасын дайындау тапсырылды. Биыл кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерін тікелей сайлау өткізіледі.

– Бұл еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі елеулі оқиға болмақ. Сайлау туралы заңнамаға енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар пысықталуда. Тиісті заң алдағы уақытта қабылданады. Содан кейін ғана кенттердің, ауылдар мен ауылдық округ әкімдерінің тікелей сайлауына қажетті барлық нормативтік-құқықтық негіз толығымен қалыптасты деп айта аламыз. Бірақ, біз мұнымен шектеліп қалмаймыз. Келесі маңызды қадам – аудан әкімдерінің тікелей сайлауы. Мен бұл сайлауды 2024 жылы өткізу керек деп санаймын. Осы бағлама елімізді демократияландыруға және жергілікті басқару институтын нығайтуға елеулі үлес қосады деп сенемін. Түптеп келгенде, аудандарда сайлау өткізу халық билігін орнатудың айқын көрінісі болмақ, – деді Мемлекет басшысы.

Президент қос азаматтығы үшін жауапкершіліктің күшейтілуі мүмкін екенін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет пен Мемлекеттік қызмет істері агенттігінен бұған дейін берілген мемлекеттік қызметшілер мен көзбасмемлекеттік ұйым басшылары арасында қос азаматтығы бар адамдарды жұмыстан шығару туралы тапсырмасының есебін сұрады.

ЖЕР ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ САТЫЛМАЙДЫ

Мемлекет басшысы жер мәселесінің ерекше маңызды екенін атап өтіп, қазақ жерінің шетелдіктерге сатылмайтыны туралы бұған дейін де бірнеше мәрте мәлімдегенін еске салды.

– Бұл мәселеге қатысты қауесеттерді тоқтату қажет. Сондықтан мен мынадай нақты шешімдер қабылдадым. Біріншіден, шетелдіктерге және шетелдік заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы жерлерін сатуға, жалға беруге заң жүзінде біржола тыйым салуды тапсырамын. Бұл шетелдіктердің үлесі бар заңды тұлғаларға да қатысты. Мен мұны Президенттің заң шығару бастамасы арқылы жедел түрде жүзеге асыру қажет деп шештім. Президент Әкімшілігі дәл осы мәселеге байланысты тиісті заң жобасын әзірлеуі керек. Екіншіден, бір айдың ішінде Жер реформасы жөніндегі комиссияны құрып, 25 наурызда жұмысқа кірісуді тапсырамын. Комиссияның құрамына аграрлық сектордың беделді өкілдерін және жер мәселесін жетік білетін сарапшыларды қосу керек. Үшіншіден, Үкіметке биылғы тамыз айының соңына дейін жер реформасының негізгі мәселелері бойынша ортақ мәміле арқылы түбегейлі байлам жасауды тапсырамын. Төртіншіден, комиссия жұмысының әрбір кезеңі және онда ұсынылған шаралар туралы халықты үнемі хабардар етіп отыру керек. Басты міндеттің бірі – комиссия жұмысының және шешім қабылдаудың мейлінше ашықтығын көрсету. Ең бастысы, жер шетелдіктерге сатылмайтыны туралы түбегейлі шешім қабылданды, – деді Мемлекет басшысы.

Жиын соңында Президент Ұлттық кеңестің маңызды міндеттерінің бірі мемлекет пен қоғам арасында тиімді байланыс орнату екенін атап өтті. Оның айтуынша, қоғамдық жұмыс – ең алдымен, азаматтарымыздың алдындағы үлкен миссия әрі жоғары жауапкершілік. Ұлттық кеңес үйлесімді қоғамдық ортаның дамуына, өркениетті диалог нормаларының түбегейлі қалыптасуына септігін тигізуі тиіс.

Сонымен қатар жиында Қазақстан Республикасы Президентінің Көмекшісі Ерлан Қарин, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшелері: Марат Шибұтов, Қайырбек Арыстанбеков, Эмин Аскеров және Максим Рожин сөз сөйледі.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЕҢБЕК ҚАТЫНАСЫНА ҚАТАҢ БАҚЫЛАУ ҚАЖЕТ

Көптеген қызылордалық бүгінде мұнай өндіруші және оларға сервистік қызмет көрсететін компанияларда еңбек етіп жүр. Олардың әрқайсысы кемінде отбасындағы бес адамды асырап отыр. Сондықтан қызметкерлердің жалақыны арттыру, жұмыстан қысқартпау туралы талабы орынды. Әлеуметтік әріптестік және еңбек қатынасын реттеу жөніндегі облыстық ұшжақты комиссия отырысында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова тараптарды тыңдады.

С Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»



Күн тәртібі бойынша алдымен облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасының басшысы Төреәхмет Жолымбетов баяндама жасады. Айтуынша, бытыр кәсіпорындар мен мекемелерді тексеру нәтижесінде 188 заңбұзушылық анықталған. Нұсқама бойынша соның 165-і жойылды. Ал 20 кәсіпорын 4648 жұмысшысына 618 млн теңге жалақы қарызын қайтарды. Жыл басында банкрот болған «Фотон» серіктестігінің 1 қызметкерге 3,7 млн теңге берешегі бар.

– Қаңтар, ақпан айларында мұнай және мұнай сервисті компанияларында, оның ішінде «СНПС-Айдан Мұнай», «Сибу-Қызылорда», «Қуат-Амлон Мұнай», «ПетроКазакстан Құмкөл Ресорсиз», «СНЕС», «Түзкөл-МұнайГаз Оперейтинг» компанияларының жұмысшылары жалақыны арттыруды, ұжымдық шарт талаптарының сақталуын және оны өзгертуді талап етті. Облыс әкімдігі мен құзырлы мемлекеттік органдардың өкілдері компанияларда түсіндіру шарасын жүргізді, – деді Т.Жолымбетов.

Нәтижесінде «Қуат-

Амлон Мұнай» ұжымдық шартта көрсетілген барлық әлеуметтік төлемді сақтап қалды. «СНПС-Айдан-Мұнай» коронавирус пандемиясы кезінде қызметкерлерге ең төменгі жалақы көлемінде материалдық көмек берді. Биылдан бастап вахталық әдіспен еңбек ететіндердің жалақысын – 15, оның ішінде 4, 5-дәрежелі жұмысшылар үшін қосымша 12 процентке жоғарыланды ұйғарды. «Сибу-Қызылорда» жыл басында тарифтік еңбекақыны 20 процентке арттыру, вахталық жұмысшылар үшін 10 процент үстемеақы қосу туралы шешім қабылдады.

Басқарма басшысы аталған ұжымдарда ахуал тұрақты екенін жеткізді. Алайда, кейбір компания өкілдері ұжымдық шарттың, келісу комиссиясы мен өндірістік кеңестің жоқтығына наразы. «Айлығымызды көбейтсеңдер» деген талабы тағы бар. Бұл жағдайды шиеленістіре ме деген қауіп жоқ емес.

Облыстық кәсіподақтар орталығының төрағасы Серік Сермағамбетов еңбек дауының басты 5 себебін атады. Олар – жалақының маңдай терге лайық бол-

мауы, жұмыс беруші мен жұмысшы арасында ашық байланыстың жоқтығы, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі шартының тиісті деңгейде орындалмауы, кадр саясатындағы әділетсіздік, тұрмыстық жағдайдың төмендігі.

– Жүйелі жұмыстың бірден-бір тетігі – ұжымдық шарт. Бүгінде мұндай шарт барлық кәсіпорын мен ұйымның 63 процентінде ғана тіркелген. Ұжымдық шарт саны жөнінен облыс – 7-орында. Бұл жерде санға емес, сапаға баса мән берілуі тиіс, – деді С.Сермағамбетов.

Комиссия отырысында бірқатар компанияның лауазым иелері мен кәсіподақ өкілдері шиеленістен кейінгі жұмысқа тоқталды. Аймақ басшысы жалақының уақытылы төленуі қатаң бақылауда болып, шиеленіс өршімес үшін жедел әрекет атқарылуы қажеттігін қаперге салды. Сондай-ақ ұжымдық шарт жасауда ұшжақты комиссия келісімін алу, ондағы талаптардың орындалуы назардан тыс қалмауы тиіс. Компания басшыларына жұмысшыларға бақылау қолдау көрсетіп, заңнамаға сәйкес

еңбегіне орай үстемеақы төлеп, оларды мүмкіндігінше қысқартпауды тапсырды.

– Өңірдегі өнеркәсіп өндірісінің 60 процентке жуық үлесі мұнай-газ саласына тиесілі. Мұнай өндіру көлемі жылдан-жылға қысқарып барады. Сондықтан осы саладағы қызметкерлердің қысқаруы, жалақының марадымсыздығы, оны кешіктіру жағдайларын тұрғындар жиі көтеріп жүр. Мәселелердің оң шешім табуына ықпал ету өте маңызды. Өйткені бұл қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығына әсер етеді, – деді өңір басшысы.

Облыс әкімдігі мен прокуратура әлеуметтік шиеленіс ошақтарының қарастырып алуы сайын жаңартып отыр. Өткен жылы шетелдік жұмыс күшін тартқан 24 кәсіпорын тіркелді. Оларда 8023 қазақстандық жұмыс істейді. Ал шетелдік жұмыс күшін тартуға 356 квота бөлінді. Тексеру нәтижесі еңбекақы төлемінде теңсіздік жоғын көрсетті.

Сонымен қатар, жұмыс берушілер қызметкерлердің еңбек шарттарын бірыңғай есепке алу жүйесіне енгізу қажет екенін хабарда. Атырылған жұмыс нәтижесінде биыл 1755 жұмыс берушіде 93602 еңбек шарты пайда болды.

Облыс әкімі құзырлы орындарға әлеуметтік еңбек дауының алдын алу бағытында бірқатар тапсырма берді.

– Жазатайым оқиғалар жиі тіркелген компания басшыларының, кәсіподақ өкілдерінің қатысуымен тыңдау өткізу керек. Салалық кәсіподақ ұйымдарымен бірге шетелдіктердің қатысуымен құрылған компаниялардағы еңбек дауларын, еңбек қатынасын бақылауды күшейту керек. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде халыққа еңбек заңнамасының негіздерін түсіндіру шараларын көйіту маңызды, – деді аймақ басшысы.

ТҰРҒЫНДАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова кезекте тұрған тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Көпбалалы және жалғызбасты аналар мен мүгедектігі бар азаматтардың мәселелерін жеке-жеке қарады. Тұрғындар әлеуметтік жағдайлары бойынша, оның ішінде тұрғын үй-коммуналдық, жұмысқа орналастыру, денсаулық сақтау, білім беру және т. б. салаларға қатысты сауалдарын жеткізді.

Аймақ басшысы қабылдауға келгендердің мәселелерін тыңдай келе, тиісті сала басшыларына азаматтардың ұсыныс-тілектерін ескерусіз қалдырмай, заң аясында шешу жолдарын қарастыруы тапсырды.

Қабылдауға облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет, облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Нариман Мақұлбеков, Қызылорда қаласы әкімінің міндетін атқарушы Бектас Нұридинов, облыстық басқармалар мен қалалық бөлімдердің басшылары қатысты.

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова «Невада-Семей» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сәбит Әбішевтен кездесті деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІК ТӨРАҒАСЫМЕН КЕЗДЕСУ

28 ақпанда «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының құрылғанына 32 жыл толады. Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен тұспа-тұс келген атаулы күнді атап өту үшін облыстық басқармалар мен қала, аудан әкімдіктеріне тапсырма берілген. Өңір басшысы С.Әбіштің азаматтық қоғам өмірін ілгерілетудегі елеулі еңбегін атап өтті.

– Сыр өлкесінде еліміз үшін аянбай еңбек етіп, өзінің адалдығымен, парасаттылығымен ел аузында жүрген, ауыз толтырып айтарлық азаматтарымыз баршылық. Оларға лайықты құрмет көрсетіп, ғибратты ғұмырын жастарға үлгі өнеге ету – басты мақсатымыз. Семей ядролық сынақ полигонының жабылуына қатысты шараларды ұйымдастырып, қоғам мен үкіметтік емес үйкімдері арасында белсенділік танытып жүрген азаматтарымыздың бірі де берігейі өзіңізсіз, – деді облыс әкімі.

Атаулы күнде Сыр елінде жоғары оқу орындары мен мектептерде «Қазақстанның жаһандық бастамалары. Халықаралық қауіпсіздікке үлес», «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының құрылғанына – 32 жыл» тақырыптарында онлайн дәрістер, тәрбие сағаттары мен еске алу шаралары, онлайн студенттік пікірсайыстар

мен видеоочелленджер өткізіледі. Сондай-ақ, облыс музейлері мен кітапханаларында қозғалыстың және оның мүшелерінің ерлік істерін насихаттауға бағытталған виртуалды тарихи-құжаттық көрме мен онлайн кітап көрмелері, облыстық спорт мектептерінің тәрбиеленушілері арасында онлайн спорттық жарыстар ұйымдастырылады. Мұнан бөлек, тамыз айында Семей ядролық сынақ полигоны жабылуының 30 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференция, дөңгелек үстел өткізу жоспарланған.

Кездесу барысында ардагер Сәбит Ыдырысұлы қабылдауға шақырып, ілтипат танытқан облыс әкіміне алғыс білдіріп, бірқатар ұсынысын жеткізді.

Аймақ басшысы облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысына Семей ядролық сынақтарына қатысқан 479 адамға қосымша біржолғы материалдық көмек көрсету үшін 55,9 млн теңге қаржы қарастыруды, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысына берілген ұсыныстарды пысықтауды тапсырды.

«СБ» ақпарат

● 1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

Тарих пен тағдыр табыстырған

Өткеннің өзегі

Алғыс айту, ризашылық білдіру салты – адамзаттың өсіп-өркендеуімен бірге келе жатқан дәстүр.

Құрандағы: «...Маған деген шүкірлерің мен адамдарға деген алғыстарың үшін сендерді сыйға бөлеймін»,– деген Алла сөзі тәубе мен алғыс үшін екі дүниеде де жақсылық бар екендігін айғақтайды.

Осы мағынадағы «Шын бақытты боламын десең, алғыс айта біл» деген мағынадағы сөз қасиетті інжілде де бар екен.

Алғыс айту мерекесінің түп-тамырын қаза бастасақ, бүгінгі күннен төрт ғасыр кейінге шегінуге болады.

Америка құрлығын отарлаушылар 1621 жылы қатал қыстың құрсауында қалып, аштыққа ұшырайды. Сонда жергілікті үндістер өздеріне қару кезене келгендерге аяушылық танытып, оларды паналатып, тамақтандырады. Сөйтіп, отаршылар қаһарлы қыс құрбандығынан құтылады. Сол кезден бастап бұл күн аман-есен қалғандары үшін Жаратушыға құлшылық ету және көмек қолын созғандарға ризашылық білдіру күні ретінде аталып өтеді. 1789 жылы Джордж Вашингтон ризашылық білдіру күнін «ұлттық мереке» деп жариялайды.

Қазір бұл мерекені американдықтар мемлекет деңгейінде атап өтіп келеді.

Израиль елінде негізгі мақсаты Құдайға құлшылық етіп, мол астық бергеніне ризашылық білдіру болып табылатын «Астық ору» мерекесі бар. Оның идеясы – күздің соңына қарай мол астық беріп, Израиль халқына қамқорлық жасағаны үшін Жаратушыға ризашылық білдіру.

Вьетнам мен Қытайдың кейбір өңірлерінде күз мезгілінде ризашылық фестивалі өткізіледі. Мереке астық жинауға арналып, халық жаңбыр жауғызып, мол астық алға жардай тудырған Айдаһарға алғыс айтады.

Осыған ұқсас мерекелер Барбадоста, Жапонияда, Беларусьте, басқа да көптеген елдерде бар екен. Демек, Алғыс айту күнін өзімізді даралау үшін біз ойлап тапқан жоқпыз.

1-бет

Ассамблея және этнос

Жыл басындағы статистикалық ақпаратқа сүйенсек, облыс халқының 96,3%-і қазақ ұлтынан, 3,7%-і 35 этностық топтан құралады.

Этностық топтардың көпшілігі – Қызылорда мен Байқоңыр қалаларының тұрғыны. Сондай-ақ, Қармақшы ауданының «III Интернационал» ауылындағы тұрғылықты түріктер саны едәуір. Бұл ауылдағы 2464 тұрғынның 1116-сы – түрік этносының өкілдері. Этникалық түріктер жергілікті халықпен тату қарым-қатынаста, этностық топ ретінде ерекшеленіп, бөлек өмір сүрмейді және барлығы қазақ тілін жетік меңгерген. Қалған ауылдық округтер негізінен моноұлттық сипатқа ие. Олар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, шағын және орта бизнес, білім беру мен мәдениет саласында еңбек етеді.

Байқоңыр қаласы этностық топтардың басым көпшілігі орналасқан стратегиялық маңызы бар аумақтардың тізіміне енеді. Қалада жалпы саны 77387 адам тіркелсе, оның 49276-сы Қазақстан Республикасының азаматы.

Мемлекеттік этносаясатты жүзеге асырып отырған облыстық ҚХА құрамында 11 этномәдени бірлестік, аудандарда 6 этнобағытталған үкіметтік емес ұйым және 9 қоғамдық құрылым жұмыс атқарады. Сонымен қатар, Қорқыт ата атындағы университеттің «Тарих және Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасымен тығыз әріптестік байланыс орнатылған.

Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті насихаттау бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған 75 тармақтан тұратын облыстық іс-шаралар жоспары бекітіліп, жүзеге асырылуда.

Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Қайырымдылық керуені» акциясы, «Сыр өңірі – бейбітшілік пен келісім мекені» этномәдени бірлестіктердің мәдени күндері және «Қазақтану» мәдени-ағартушылық жобалары жүргізілді.

Коронавирус індеті салдарынан енгізілген карантиндік шектеулерге байланысты наурыз айынан бастап барлық іс-шаралар онлайн форматқа көшірілген. Түрлі форматтағы 318 іс-шара өткізіліп, онлайн аудитория бойынша 17154 адам қамтылған.

ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық үлгісіне арналған жас



Бұл күн негізінен өткен ғасырдың отызыншы жылдары мыңдаған адамға жасалған қысастық пен аяусыз жазалау кезінде қамқорлық көрсеткен жұртқа алғыс айтып, сол қиындықтан бірге өткен халықтардың бір-біріне риясыз ықыласы мен сүйіспеншіліктерін білдіруге арналған.

Қазақстан халқы Ассамблеяның XXII сессиясында: «Сталиндік режим кезіндегі ар жылдарда бүтіндей бір халықтар – 800 мыңға жуық неміс, 102 мың поляк, 550 мың Солтүстік Кавказ халықтарының өкілі, 18,5 мың Қиыр Шығыстағы корей

отбасы қоныс аударды. Оларды вагондардан ашық далаға әкеліп түсірді. Ол кезде мұнда қазақтар ғана тұратын, қабылдаған да солар болды. Өздері де мұқтаждықта өмір сүріп жатқан қазақ отбасылары оларды саман үйлеріне кіргізді. Біздің отбасымыз да үш баласы бар ерлі-зайыптыларды қабылдады», – деп Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөз сөйлеп, өткен күндерді еске түсіргені бар.

Елбасының Алғыс айту күнін белгілеп, күнтізбеге енгізуі – қазақ халқының қысылтаяң кезеңде қиналған

ұлт өкілдеріне қол ұшын созып, бауырына тартқанын тағы бір мәрте еске салып, тарихи жадымызды жаңғыртуы.

Аштықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпейді

Қазақстан 1933-1950 жылдар аралығында Кеңес халықтарының депортациялау аймағына айналды. Тоталитарлық жүйе жер аударғандарға

Қараңғыдан қашып шыққан сәуледей

«Қызылорда корейлер қауымдастығы» облыстық филиалы төрағасының орынбасары Вилорий Шин 1936 жылы Хабаровск қаласында дүниеге келген.

Ол өзінің қиын-қыстау, талайлы тағдырын былайша еске алады: «Бір жасқа толған шағымда әке-шешем репрессияға ұшырап, біз Қазақстанға жер аударылдық. Мен ол оқиғаларды, әрине, үлкендердің айтуымен білемін. Сол кезең біздің халқымызға аса ауыр қиындық әкелген. Мәселен, мен туған әке-шешемді көрмегенмін. Бала үшін мұның қаншалықты қасірет екенін әрбір адам түсінетін шығар. Бірақ, ешқашан қиындықтан жасыған жан емеспін.

«Сүлүтөбе» стансасында тұратын ата-әжем мен немере ағам Иннокентий Цхайдың қолында тұрып, М.Ломоносов атындағы орта мектепте білім алдым. Жас кезімнен спортты жақсы көретімін. Спорт менің ұстаз атануыма үлкен септігін тигізді, ұстаздық абырой, бақытқа бөледі.

Жалпы, өмір жолымдағы жеткен жетістіктерім үшін қазақ еліне, оның қонақжай халқына басымды иіп өтемін. Қазақстанды өзімнің Отаным деп есептеймін. Біз қазақ халқына шын мәнінде борыштармыз. Қазақ халқы репрессияға ұшырап, тағдыр теперішін тартқан барлық ұлыстарға туған бауырындай жылылық сыйлады. «Қазақтарды сыяландар, біздің тірі жүргеніміз, сендердің амандықтарың тікелей қазақ халқының арқасы», – дейтін еді ата-әжеміз. Сол қамқорлықты бүгінгі буын да жақсы сезінеді. Қазақ ағайынның қамқорлығын көрген барлық ұлт, ұлыс өкілдері де менің сөзімді айтады деп санаймын.

Алғысымыз шексіз саған, әкпейіл қазақ елі!

Ұстаздан ұлық жан бар ма?!

Вилорий Николаевич Шин еңбек жолын Қазалы ауданындағы №16 мектептен бастаған. Бірнеше жыл еңбек ете жүріп, Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтында оқып, білімін жетілдірген. Он бес жыл сол мектепті басқарған.

Өз ісінің хас шебері болған Шиннің педагогикадағы адал қызметі бағаланып, «Қазақ ССР-нің білім беру ісінің үздігі» атанған.Ол зейнетке шыққаннан кейін де Қызылорда қаласындағы №6 орта мектепте сабақ беріп, мемлекет және құқық пәнінің мұғалімі болған.

Өз ісіне берілген, шәкіртінің жанына нұр құйып, оларды бақытқа жеткізем деп еңбек еткен ұстаз Вилорийдің жәні де, жолы да бөлек. Бүгінгі таңда ардақты әке, асыл ата атанған абзал ұстаздың шәкірттері еліміздің әр аймағында беделді қызметтер атқарып жүр.



2016 жылдың қазан айында Вилорий ақсақалдың 80 жасқа толған мерейтойы болып өтті. Оған Ресей Федерациясы мен шет елдерден ат терлетіп, ақ тілек арқалап өзі білім нәрімен сусындатқан шәкірттері келді. Ұстаздарына деген риясыз ризашылығы мен сый-сияпаттарын ақтарды. Сол шәкірттердің бірі, Қазалы ауданының экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің экономисі Қазынагүл Бәкен: «Вилорий ағай мен үшін Сыр елінің зиялы азаматтарының көшбасшысы дер едім. Ол өз ақыл-парасатымен жастарға үлгі-өнеге бола білді. Оның Қазалы ауданының дамуына қосқан үлесі мол. Біз Вилорий ұстаздан сабақ алдық, ол кісі тәлім берген әрбір шәкіртінің бойына адамзаттық құндылықтарды дарытты. Біз өмір бойы ол кісіні ардақтап өтеміз, осындай зерделі де зерек ұстаздың шәкірті болғанымызға мақтанамыз. 1981 жылы мектеп бітірген 47 түлек әлі күнге дейін ұстазымызбен жиі хабарласып, жағдай білісіп тұрамыз», – дейді.

Вилорий ұстаз 2014 жылы «Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін дамытуда қосқан үлесі үшін» Құрмет грамотасымен марапатталды. Сонымен бірге, Қазақстан халқы Ассамблеясының даму жолында өз үлесін қосып, жалпыхалықтық бірлікті нығайтудағы еткен еңбегі бағаланып, «Қазақстан патриоты» номинациясын иеленді.

«Төртінші жүздің» төбе биі

Вилорий Шин – қазақтармен құда-жекжат болып араласып кеткен адам. Оның айтқаны өз қандастары арасында төрден айтылған төбе бидің сөзіндей, бәрі сыйлайды, құрмет тұтады. Өйткені, ол Сыр еліне сіңіп кеткен туыстарын бірлік пен тірлікке үндеп отырады.

Жүзі бөлек болса да, жүрегі қазақ деп соғатын ақсақал былай дейді: «Біз қазақ халқымен бірге бітеқайнасып кеткенбіз.

қулақтар, сенімсіздер, профашистік ойдағы халықтар деген негізсіз айыптар тақты. Мәселен, 1923 жылы Әзербайжан республикасы құрамында өздерінің автономиясын жариялаған күрділердің мақсатын аяқасты еткен тоталитарлық жүйе оларды таратып, 7,3 мың адамын қазақ жеріне күштеп көшірген. Корей ұлтын депортациялаудың екінші кезеңінде, 1939 жылы Қызылордадағы корей педагогикалық институтын жауып, оқулықтарын жойып жіберген. Осы әрекетімен оларды біржола өз болмысынан айыруды ойлаған.

Міне, үстемшіл-өктемшіл жүйе осылайша, қазақ даласына 3,2 млн өзге ұлт өкілдерін жер аударған.

Қазақ халқы да басқалар секілді тоталитаризм құрбандығы болған еді. Қазаққа отырықшыландыру, көмпес-келеу, колхоздастыру секілді кеңестік реформалар үлкен зардаптар алып келді. Осындай нәубет, адам тәзгісіз азаптарды бастан кешіп жатқан қазақ жері иыққа ілер киімі, тіске басар азығы жоқ қоныс аударушыларды құшағын жая қарсы алды. Өздерінің есіктен аяғы шығып жатқан лашықтарына кіргізді. Бір ауыз сөзді екі көңілге, бір үзім нанды екі таңдайға бөлді.

Қазақ халқының ұлықтығын сезінген өзге ұлттар жергілікті жұртпен тізе қосып еңбек етті. Қазақтың салт-дәстүрін құрметтеп, тілін үйренді, балаларына қазақ есімін қойды. Нанын жеген елдің қамын да жеді. Кеңестік дәуірде бір ғана Шиелі ауданынан 29 корей ұлты өкілінің Социалистік Еңбек Ері атануы олардың алаңсыз еңбек етіп, елмен бітеқайнасқан бейнесін көрсетеді.

Бүгінде Қызылорда облысында 35 этностың 809 мың азаматы өмір сүріп, еңбек етіп жатыр. Олардың қазақ халқына деген ризашылықтары шексіз. Ата-аналары «Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпейді» деген қазақ мақалын балаларының құлағына құйып кеткен. Мұны өздері айтады.

Бетті әзірлеген Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»



Баркалла-рахмет

Өмірден өткен үлкендеріміздің қазақ халқынан көрген шапағаты, жақсылықтары туралы айтылған әңгімелері әмісе есте. Атамыз бізге «Барлық уақытта қазақтарды құрметтендер» деген өсиет сөз қалдырды.

Қазақтардың өздері мұқтаж болып отырған кезде де қолындағы барын бізге бөліп берген жомарттығы жарастық пен татулық тәліміне уласты. Жергілікті халықтың жан жылуы шешен, иңгуш секілді көптеген жер ауып келгендердің тұрмыс

тауқыметін жеңіп, өмірін жалғастыруға, өмірлік бір болуға алып келді. Міне, қазақтардың осындай мәрттігі мен кеңдігі біздің бақытты өмірімізге, екі халықтың мәңгі достығына кепіл болды.

Мен бүгін аталарымының атынан қазақ халқына өз тілімдегі өте қарапайым, бірақ өте қымбат «Баркалла» деген сөзді қайталап айтамын. «Рухмет» деген мағынадағы осы сөзді біз ешқашан аузымыздан тастамаймыз.

Өйткені, осы бір кен даласындай дархан халық бізге бүгінгі күніміздің қуанышын сыйлады.

Шын жүрегімнен алғысымды айта отырып, барша қазақ халқын Алғыс айту күнімен құттықтаймын.

Сайдселим ХАЗУЕВ, «Вайнах» облыстық шешен-иңгуш этномәдени бірлестігінің төрағасы



1993 жылы 26 ақпанда республика аймағының тұрғындары түгелдей Қазақстан аумағында қалғылары келетіндерін айтқан. Өзбек жағы Бағыс елді мекеніне ешқандай дау айтпағанымен, Туркестанең поселкесінің КСРО тарағаннан кейін Өзбекстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қарауына берілгенін еске салды. Ақыр аяғында Бағыс Қазақстан жағына қарады да, Туркестанең тұрып, Өзбекстан аумағында қалғысы келмеген қандастарымыз көшіріліп алынды. Бағыс маңындағы 517 гектарлық тау биігіндегі жайылымдық жерлер Қызылорда облысындағы Нысан-1, Нысан-2 және Баймұрат аталатын жартылай шөлейт аймақтағы елді мекендер аумағына ауыстырылды. Мұндай мәселелер Арнасай су бөгеті маңайында да жөнімен қарастырылды. 2002 жылғы 9 қыркүйекте Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы мемлекеттік шекараның жекелеген учаскелері туралы шартқа қол қойылып, ұзындығы 2351 шақырымдық шекарасы делимитациялау мәселесі біржолата шешілді.

ШЕКАРА ҚАЛАЙ ШЕГЕНДЕЛДІ?

Қазақстанның айналасындағы елдермен мемлекеттік шекараларын заңды түрде, біржолата бекітіп алғаны – Тәуелсіздік жылдарындағы ерекше жетістік. Шекараны іргедегі көршілер түгел мойындамаса, ашық-шашық жатса, Тәуелсіздіктің берекесі болмас еді.

Әуелі Қытай Халық Республикасымен, сосын Қырғызстан, Түркіменстан, Өзбекстан, Ресеймен уағдаластыққа қол жетті. Нәбәрі он жылдың ішінде Қазақстан-Қытай шекарасының 1783 шақырымы демаркацияланды. «Екі ел арасындағы мемлекеттік шекараны белгілеу кезінде Шаған-оба және Баймырза асулары маңындағы аумаққа, Сарышілде өзенінің маңайына қатысты ұсыныстар біраз талқылаудан кейін қабыл алынды. Ол жерде шекара белесі болғандықтан, елді мекендер жоқтығы, қазба байлықтарының табылмағандығы, шаруашылық қызметінің жүйелі жүргізілмейтіндігі анықталған. Учаскелерді бөлу нәтижесінде шабындық, жайылымдық жерлердің бәрі, орманды жерлердің бір бөлігі бізде қалды, – деген Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Өмір өткелдері» кітабында.

Басқа да көрші мемлекеттермен шекара бекіту туралы айтсақ, Қазақстан-Қырғызстан мемлекеттік шекарасын делимитациялау жөніндегі келіссөз ВЦИК 1930 жылы қабылдаған «Қазақ және Қырғыз АССР-лерінің шекаралары туралы» қаулы бойынша жүргізілді. Екі жақта бір-біріне ешқандай территориялық талап қойған жоқ. Хан Тәңірі шыңы маңайындағы, Шу өзені бойындағы, «Бішкек-Шолпаната» тасжолындағы ауыс-түйістер дау-дамайсыз шешілді.

Ал Қазақстан мен Түркіменстанның шекарасы шаруашылық тұрғыдан игерілмеген, Үстірт ойпатындағы ел қоныстанбаған шөлейт даламен өтетіндіктен, қиындықсыз бекітілді.

Қазақ-өзбек шекарасына келсек, Қазығұрт баурайын-

дағы Бағыс пен Туркестанең елді мекендерінің тұрғындары түгелдей Қазақстан аумағында қалғылары келетіндерін айтқан. Өзбек жағы Бағыс елді мекеніне ешқандай дау айтпағанымен, Туркестанең поселкесінің КСРО тарағаннан кейін Өзбекстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қарауына берілгенін еске салды. Ақыр аяғында Бағыс Қазақстан жағына қарады да, Туркестанең тұрып, Өзбекстан аумағында қалғысы келмеген қандастарымыз көшіріліп алынды. Бағыс маңындағы 517 гектарлық тау биігіндегі жайылымдық жерлер Қызылорда облысындағы Нысан-1, Нысан-2 және Баймұрат аталатын жартылай шөлейт аймақтағы елді мекендер аумағына ауыстырылды. Мұндай мәселелер Арнасай су бөгеті маңайында да жөнімен қарастырылды. 2002 жылғы 9 қыркүйекте Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы мемлекеттік шекараның жекелеген учаскелері туралы шартқа қол қойылып, ұзындығы 2351 шақырымдық шекарасы делимитациялау мәселесі біржолата шешілді.

Теріскейдегі көрші Ресеймен мемлекеттік шекара туралы келіссөздер 1999 жылдың қыркүйек айында басталған. Бұл – яғни, Қазақстан-Ресей шекарасы әлемдегі ең ұзын – 7591 шақырымды құрайтын құрлықтық шекара. Екі елдің шекараны реттеуі өзара сенімге құрылған қарым-қатынасты арттыра түсті.

Жиірмасыншы ғасыр басында Мағжан ақын «Алыстан орыс, қытай ауыр салмақ, Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ. Арты – ор, алдында – көр, жан-жағы жау, Дағдарған Алаш енді қайда бармақ?!» деп уайымға салынғанын білеміз. Бабаларымыздан қалған байтақ даланың шекарасы Тәуелсіздіктің арқасында заңды түрде шегенделді. Сол үшін де ордалы 30 жылдың ең айтулы жетістігі деп атауға негіз бар.

«СБ» ақпарат



«NUR OTAN» – НАҚТЫ ІСТЕР ПАРТИЯСЫ

– Ләйла Бегалықызы, биыл Елбасы Төрағалық ететін еліміздегі жетекші партияның құрылғанына – 22 жыл. Мереке құтты болсын! Жалпы бұл азда, көп те уақыт емес. Алайда, саны мен сапасы жағынан өзгелерден озық тұратын партияның ішкі жұмысы оқыманды қызықтыратындығы анық. Бір сәт елекке салып өтікізіші...

– 1 наурыз «Nur Otan» партиясы үшін оның құрылған мерзімі ретінде үлкен тарихи күн және партияның қалыптасу мен даму тарихы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Партия елімізде жетекші саяси күшке айналды, ауқымды реформаларды жүзеге асыруға атсалысты. 1998 жылы «Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты қолдау жөніндегі қоғамдық штаб» қоғамдық бірлестігі құрылды. Сайлау қорытындысымен бұл бірлестік «Отан» саяси партиясы болып қайта құрылып, 1999 жылдың 1 наурызында бірінші құрылтай съезі өтті.

Сонымен бірге партияның құрылу тарихында біздің облыстың да алар орны ерекше. Республикада партия құру жайында үлкен мәселе көтерілген кезде Сыр бойындағы Қазақстан Республикасының Президентін сайлау жөніндегі облыстық қоғамдық штабтың белсенді мүшелері елімізде бірінші болып облыс, қала, аудандар жұртынан 5000 адам қол қойған ұсыныспен «Отан» партиясының алғашқы мүшелерінің тіркелуіне себепкер болды. Бұл дегеніңіз өңір тұрғындары белсенділігінің жоғарылығын байқатумен қатар ел өміріндегі саяси мәселелерге дұрыс ден қоятынын аңғартады.

Осы жылдардың ішінде партия өзінің қалыптасуы мен дамуы үдерісінде жеңістерге жетелеген қиын жолдардан өтіп, соған қарамастан елдің жетекші саяси күшіне айналды. Халықтың партиясы мен елдің ең бұқаралық және ықпалды саяси күші ретінде қалыптасты.

Қазіргі таңда «Nur Otan» партиясы – біздің облыстың өзінде 1 аймақтық, 11 аумақтық филиалы, 44147 мүшесі, 239 бастауыш партия ұйымдары мен мәслихаттардағы 152 мандаттың 126-сын иеленіп отырған фракция мүшелері мен мыңдаған жақтастары бар үлкен саяси күш. Бұл тұрғыда партия қатарына азаматтарды тартуда санға емес, сапалық жағына үлкен мән беріледі. Бүгінде партия Жарғысы мен сайлауалды бағдарламасы партияның облыстық филиалының сан салалы жұмысының темірқазығына айналғаны уақыт шындығы. Оның ішінде, ішкіпартиялық жұмыс әрқашан да алдыңғы қатарда тұрады. Өйткені, ішкіпартиялық жұмыс – барлық партия құрылымдарының бет-бейнесін ашатын және іс-қимыл белсенділігін көрсететін айна.

Өңірде облыс, қала, аудандық мәслихаттарда партияның 9 фракциясы жұмыс істейді. Барлық мәслихаттардағы депутаттық фракция мүшелері халықтың әлауқатын жақсарту, экономиканың өсу қарқынын жеделдету, елді мекендердің инфрақұрылымын онан әрі қарай дамыту мақсатында өзекті мәселелерді көтеріп, олардың шешімін табуына жұмыс жасап келеді. Партия жанындағы консультативті кеңесші органдар жұмысы жүйелі түрде жүргізілуде. Осы орайда партиялық бақылау комиссиясының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестер мен партия жанындағы мәдениет пен өнерді дамыту жөніндегі «Мирас» қоғамдық кеңесінің жұмысын ерекше атап өту керек.

– «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаты бойынша қандай жұмыстар бар?

– Партия басшылығы алғашқы күннен өз алдына халықтың көкейіндегі проблемаларды шешудің тиімді жүйесін жасау және барлық жерде қоғамдық қабылдау бөлмелерінің жұмысын күшейтуде зор міндеттер қойды. Осыған орай, тиісті іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп келеді. Бұл ретте тұрғындармен кері байланыс орнату олардың сеніммен бас тіреп келетін орны десек болады.

Қоғамдық қабылдау өткізетіндер қатарында облыс, қала, аудан әкімдері мен олардың орынбасарлары, басқармалар мен бөлім басшылары, облыстық, аудандық депутаттық фракция мүшелері, филиал төрағаларының орынбасарлары бар. Сонымен қатар облыс, қала, аудан прокурорлары, Әділет департаменті басшысы және т.б. құқық қорғау органдары жетекшілері де тұрақты түрде азаматтарды қабылдау жүргізеді.

2020 жылы партияның облыстық, қалалық және аудандық филиалдарының қоғамдық қабылдау бөлмелеріне 12510 жеке және заңды тұлғадан өтініштер

түсіп, оның 9150-і яғни 73%-і оң шешімін тапса, 3333 өтінішке түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, 22 өтініш қаралу үстінде.

Ал, осы жылдың 2 айында партияның облыстағы филиалдарының қоғамдық қабылдау бөлмелеріне 401 азамат өтінішпен келіп, оның 181-і яғни, 45 проценті оң шешімін тапқан, 192 азаматқа құқықтық кеңес берілген. Сондай-ақ, 28 өтініш зерделеніп жатыр. Бұл дегеніміз – халықтың партияға деген үлкен сенімінің көрінісі. Алдағы уақытта қоғамдық қабылдау жұмыстарын бастауыш партия ұйымдарында да өткізу қолға алынатын болады. Ең бастысы, бірде-бір өтініш қараусыз қалмайды. Эпидемиологиялық жағдай ескеріле отырып, қабылдау онлайн форматта да өткізілуде.

– Әлеуметтік топтарға бағытталған жобалар туралы айтыңызшы...

– «Nur Otan» партиясы құрылған күннен бастап-ақ, барлық мәселелерге дер кезінде назар аударып, келеді.

Әлемді шарпыған пандемия кезінде Елбасы бастамасымен жүзеге асқан «BIZ-BIRGEMIZ» акциясы аясында өңірімізде 29 мыңнан астам азаматқа 50000 теңгеден қаржылай, ал 15 мыңнан астам азаматқа азық-түлік, басқа да заттай көмектер көрсетілді.

Партия еңбек заңдылықтарында орын алған түйткілдердің шешілуіне де ықпал етуде. Мәселен, партиялық бақылау комиссиясының араласуымен еңбек құқығы бұзылған «АГМ-Табыс» ЖШС-ның 328 қызметкері жұмысына қайта оралса, мекеме таратылып, 5 ай жалақысыз қалған Қызылорда облысының балалар мен жасөспірімдерге арналған тұркерүлзге қарсы санаторий қызметкерлерінің айлық жалақылары өтелді. 100 қызметкері тұрақты жұмысқа орналасты.

Жаңақорған ауданы, Байкенже ауылы бойынша тұрғындардың ақпарат құралдарында көтерген таза ауызсу жөніндегі мәселесі партиялық бақылауға алынып, ауыл халқына таза ауызсу жеткізілді.

Партияның тікелей қолдауымен өңірдің солтүстік аудандары Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен мамандандырылған кестеге енді. Нәтижесінде өңірде әртараптандыру жұмыстары қарқын алып, республикалық бюджеттен жыл сайын 13-14 миллиард теңгеді қолдау көрсетілуде. Соның ішінде, алма, жүзім өсірумен айналысатын шаруалар шығынының 25 проценті субсидияланады. Облыстың 51 шаруа қожалығы партияның араласуымен 160 млн теңге көлемінде субсидияға ие болды.

Жаңақорған ауданы, Жайылма ауылдық округіндегі 40 жыл жөндеу көрмеген апатты жағдайдағы «Жиделі» су қоймасын күрделі жөндеуге де «Nur Otan» партиясы ықпал етті. Бүгінгі күні жалпы ұзындығы 830 метрді құрайтын стратегиялық нысанның қаупі сейіліп, Жайылма, Сүттіқұдық ауылдық округтері тұрғындарының игілігіне берілді.

Алғашында 9, кейін 22 жобамен жұмыс жасаған партия қазіргі таңда нақты әлеуметтік топтарға бағытталған 6 бастамашыл жоба аясында жұмыс атқаруда.

«Кедегісіз келешек», «Бақытты отбасы» партиялық жобалары аясында мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен әлеуметтік тұрмысы төмен отбасылар және балалардың құқығын қорғау мәселелері күн тәртібінен түскен емес.

«Ардагерлерді ардақтайық» жобасы аясында аймақтың ардагерлерімен тұрақты түрде кездесулер өткізіліп тұрады. Бұл шараларға бөлсенділер, бастауыш партия ұйымының төрағалары және «Jas Otan» мүшелері атсалысуда.

Партия бастамасымен облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының қолдауымен «Евразия», «Мұз айдыны» және «Теннис орталығы» спорт кешендеріне әлеуметтік аз қамтылған 80 отбасының балаларына тегін спорттық секцияларға сертификаттар табысталды. Ал басқа санаттағы отбасы балаларына 50 проценттік жеңілдік көзделген.

– Биылғы сайлау ерекше сипатта өтті. Депутаттар құрамы жаңарды. Өзіңіз облыстық мәслихаттағы депутаттық фракция жетекшісісіз. Жалпы сайлауға дейінгі праймериз, фракцияның жаңа құрамы, алдағы міндеттер төңірегінде айта отырсаңыз...

– Елбасының «Сенім. Диалог. Болашаққа нық қадам – «Nur Otan» партиясының 7 серпіні» бағдарламасы аясында партия белсенділерін ашық таңдау тәсілі негізінде праймериз өткізілді.

Бұл қана саяси мәдениетті қалыптастырып қана қоймай, қоғам белсенділерімен қатар қарапайым азаматтардың саясатқа араласуына жол ашты. Облыстан праймеризге 501 үміткер қатысып, бақ сынасты. Халықаралық тәжірибеде мойындалған партияшілік

ашық іріктеу тәсілі жалпы жұртшылықтың үлкен қызығушылығын тудырды.

Праймериз арқылы іріктелген 235 үміткер облыстағы 281 партияластар қатарында сайлауда бақтарын сынады. Осылай «Nur Otan»-ды «қайта жандандыру» бойынша алға қойылған міндеттер орындалды. Соның ішінде облыстық мәслихаттағы 33 мандаттың 27-сі «Nur Otan» партиясы еншісінде. Осыған орай «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы Саяси кеңесі Бюросының қаулысымен облыстық мәслихатта партияның фракциясын құру туралы шешім қабылданды.

Облыс бойынша мәслихаттардағы депутаттық фракциялар құрамы 67,5 процентке жаңарды. Жаңа құрамның 47,6%-і әйелдер мен 35 жасқа дейінгі жастардан тұрады.

– Ләйла Бегалықызы, сырт көз сыншы демей ме? Шынында, өзіңіз айтып өткен биылғы сайлауға «Nur Otan» партиясы үлкен дайындықпен келген секілді...

– Дұрыс айтасыз. Бұл саяси додаға «Nur Otan» партиясы үлкен дайындықпен қатысып, жеңіске жетті. Елбасы, Партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың партияны қайта жаңғырту бағытындағы тапсырмалары орындалып, жүйелі жұмыс атқарылды. Республика бойынша 216 сайлауалды бағдарлама әзірленді. Бірде-бір облыс, қала, аудан бағдарламадан шет қалған жоқ. Сайлауалды басымдықтарымыз Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру аясында халықпен, оның ішінде шалғай елді мекендер тұрғындарымен жан-жақты талқылау қорытындысы бойынша дайындалды. Праймериз кезінде үміткерлеріміз Сайлауалды бағдарламаны жан-жақты таныстырды. Сол кездің өзінде біз азаматтардан 1000-ға жуық ұсыныс жинадық. Біз әрбір аудан, қаланың өзекті проблемаларын сараптап, оны бағдарламаға енгіздік. Мұнан бөлек, үгіт-насихат кезеңінде облыс бойынша сайлауалды штабтарының қоғамдық қабылдау бөлмелеріне тұрғындардан 616 ұсыныс пен аманат келіп түсті. Барлық ұсыныстардың 85%-і аймақтық бағдарламаларды бекіту кезінде ескерілді. Сондықтан Мәжіліс пен мәслихаттардағы басым мандатты иеленуші партия ретінде сайлау алдындағы уәделерді орындау мақсатында арнайы Жол картасын бекітіп отырмыз.

– Осы Жол картасының көтеретін жүгі туралы тарқатып берсеңіз...

– Қалай дайындалды дегенге келсек, бұл – бір күндік немесе бір айлық жұмыс емес. Мұның арғы жағында терең талдау жұмыстары тұр. Аймақтың көзге көрініп тұрған проблемалары ғана емес, жоғарыда атап өткен тұрғындардың барлық ұсыныстары негізінде дайындалды. Негізгі міндет – халықтың әлауқатын арттыру, өңірді дамыту. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір» сайлауалды бағдарламасын таныстырғанда бізге нақты міндеттер жүктеді.

Алдағы 5 жылды қамтыған облыстық Жол картасында барлығы 611 көрсеткіш және 1776 іс-шара бар. Аталған шаралар арасында жыл сайын 1000-ға жуық отбасын тұрғын үймен қамтамасыз ету, аз қамтылған отбасылардан шыққан 3,5 мың студентке қоғамдық көліктерде жол жүруге әлеуметтік көмек бөлу, 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылуын 81%-ке жеткізіп арттыру, балаларды инклюзивті біліммен қамтуды 100%-ке жеткізу, «Жас кәсіпкер» және «Бастау бизнес» жобасы бойынша 3 мың жасты жыл сайын оқыту, жастардың жұмыссыздығын 3,9%-ке төмендету, 9-дан астам инвестициялық экспортқа бағдарланған жобаларды жүзеге асыру, 5 жылда 67 мыңнан астам азаматты жұмыспен қамту, жыл сайын «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында кем дегенде 40 кәсіпкерге жеңілдетілген несие беру, жергілікті маңызы бар 578,9 шақырым жолды күрделі және орташа жөндеу, 24 жаңа денсаулық сақтау нысаны мен 12 жаңа мектептің құрылысын жүргізу және аяқтау, өңір жұртшылығын сапалы жол, таза ауызсу, «көгілдір отынмен» қамту мәселесі бар.

Жол картасына енген әрбір іс-шараға нақты индикаторлар қойылған және олардың мерзімінде сапалы орындалуы үшін жауапты басқармалар мен депутаттық фракция мүшелері бекітілді.

Бүгінгі күні партияның депутаттық корпусы бұл жұмыстарды іске асыруға кірісіп кетті.

Әңгімелескен
Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»



Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Олар 14 келі балық жейді, ал біз...

Сапардың келесі күні «Арал СДО» балық өңдеу зауытында жалғасты. Өмірінің тең жартысын осы кәсіпке арнаған Әділбек Әйімбетовтың өзі қарсы алды бізді. Зауыт бұрынғы қираған балық комбинатының орнына салынған. Демек Аралда бұрынғы өндірістің ізі жоғалмаған деп түсіндік бұны.

Кәсіпорын бытыр «Тауарлы балық өсіру және тереңнен өңдеу кешенін кеңейту» жобасын қолға алған еді. Жылына 4500 тонна балық өңдеуге қауқарлы, 50-ден астам жұмысшысы бар серіктестік балық аулау, сақтау, өңдеу, сату жұмыстарымен айналысады. Ресейге тұздалған әрі кептірілген майда шабақ жібереді. Ал Польшаға тістіден филе дайындап, экспортқа шығарып отыр.

Тісті демекші, оны теңіздегілер «алтын балық» дейді. Қабыршағының өзі қатты, аты айтып тұрғандай бір жерінен тістесе айрылмайтын, қаты-ғездеу, жыртқыш балық. Жергілікті тұрғындар ас ретінде пайдаланбайтын осы балықтың бағасынан ат үркіді. Келісі 1000 теңгеге дейін барды бір жылдары. Сырт елдерге тасылды. Өйткені, шетелдіктер осыны сүйсіне жейтін көрінеді. Суранысқа қарай, бағасы да қымбат. Теңіздегілерден тікелей саудаласаңыз, келісіне 500-600 теңге сұрайды. «Алтын балық» атануы да сондықтан.

– Осы тістінің басына бақ қонғалы біраз жыл болды, – дедім мен жай тұрмай. – Өзіміз неге жемейміз осыны? Еуропаға артқады көп болды ғой. – Оның рас, – деді Әділбек аға. – Қазақ майлы әрі семіз балықты жақсы көреді. Сорпасын ұрттап, сазанды асып, не қуырып жегенді кім жек көрсін? «Ал мынада не құнар бар?» деген ой бәрімізде де бар. Бірақ түрлі дәруменге бай балық осы – тісті. Орыша судак деп жатады. Еуропада мұны мейрамханада құнарлы тағам ретінде ұсынады. Көрдіңіз бе?! Жалпы ресейліктер бір жылда 14 келі балық тұтынады. Орташа есеппен айтып отырмыз. Ал өзіміз жылына 4 келі жейміз бе, жемейміз бе? Балық – дәруменді, жеңіл тағам. Буын саулығы мен көздің жақсы көруі осы балық етіне байланысты. Жас та, жасамыс та жей беру керек.

Әділбек ағаның айтуынша, тағы бір кемшілік, бізде тауарлы балық өсіру тым кенже дамуда. Өзі де осы жобасы жайлы айтып берді.

– Біздің зауыт бұрынғы «Арал-рыбпромның» ізімен 2009 жылы құрылған. 2010 жылы алғашқы өнімі шығып, он жылда өнім көлемі 17 есеге артты. Теңіздегі 5 участок, қосымша көлдерден балық ауланып, дайындалған өнімді шетелдерге шығарып отырмыз. 2012 жылдан бері «Еурокод» белгісін алып, көрші мемлекеттерге жіберудеміз.

Балықтың табиғи өсімі үлкен теңіз, мұхитта жақсы жүріуі мүмкін. Ал шағын көлдерде балық қоры тез таусылады. Бас-көз жоқ, аулай берсе, таусылмай қайтпек?! Көл пайдаланушылар деген бар. Олар өзіне тиесілі көлді сақтауға жұмыс істеу керек. Арнайы уылдырық шайқау аппаратын орнатып, көліндегі балық түрлерін көбейтсе ғана, біздегі қор тұрақты болады, – дейді балық шаруашылығы саласының қарагері.

Әлемдік деңгеймен қарасақ, тауарлы балық өсіруде Қытай мемлекеті алда екен. Халқын да қосымша балық өнімімен асырап отыр. Ал көрші Өзбекстанда бұл жұмыстар өте қарқынды. Ондағы көл жүйелері тауарлы балық өсіруді әлдеқашан қолға алған.

ТЕҢІЗБЕН БІРГЕ ТЫНЫСТАУ

ЕКІНШІ КҮН

Біздің аймақта «Балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы» іске қосылды. Аймақта 207 көл болса, соның ішінде тұрақты сумен қамтылатын 55 көл комиссия шешімімен нақтыланған. Бұйырса, осы көлдер тауарлы балық өңдейтін шаруашылыққа айналады деген үмітіміз бар. Айтылған су айдындары осы шаруашылыққа көшсе, бір жағы кәсіп, екінші жағынан табиғат қоры да жақсы сақталары анық. Бұған жергілікті жерден тұрғындардың жұмыспен қамтылатынын қосыңыз. Мейлі, екі адам болса да.

Біз көзбен көрген аралдық зауыт өз мүмкіндігін кеңейтуде қомақты қаржы алып, біршама жұмыстар атқарған. Мысалы, Бөген ауылында серіктестікке қарасты мұздату цехы және жатақхана іске қосылған. Әділбек Әйімбетовтың айтуынша, енді Қарашалаң ауылына жақын «Домалақ» көлінен тауарлы балық аулау шаруашылығын құрып, Қамбаш жағасынан туристік орталық тұрғызылмақ. Сондай-ақ, «Арал» СДО ЖШС қалдықсыз өнім шығаруға бет бұрған. Тазаланған балықтың қабыршағы мен ішкі құрылысы далада қалмайды. Олар мұздатқышта әбден қатырылып, Шымкенттегі жем дайындайтын арнайы кәсіпорынға жіберіледі. Балық сүйегінен дайындалған жем мал шаруашылығына өте қажет екені белгілі.

Теңізді өлке десек, еске түсетіні – алдымен балық. Осы арқылы Арал ауданын елестетеміз. Қуаныштысы, шеткері жатқан аудан осы үдеден шығып келеді. Ауданда Ә.Әйімбетов басқаратын өндірістен бөлек, 8 балық өңдеу зауыты жұмыс істейді. Оның екеуінде «Еурокод» белгісі бар. Қазір 2000 жылдардың басындағы есеппен салыстыра қарасақ, балық аулау 20 есеге артқан.

Жар ортасындағы ауыл

Өтсе-дағы айбынды Арал дәуірі, Соқса-дағы құмды,

Мейлі-мейлі, егін екісін,

мал бақсын,

Біздің ауыл – балықшылар ауылы. Есігінде ілінген ау, құралы,

Бесігінде толқын жайлы жыр-әні. Теңіз көрген, кеме мінген әр үйде

Ең кемінде бір балықшы тұрады...

Ақын Ержеңіс Әбдінің «Балықшы ауыл» өлеңінен үзінді

Сырдың төменгі ағысында мекен-деген елдің кәсібі – мал бағу, одан қалды «өзен жағалағанның өзегі талмас» деген тәмісінді мықтап ұстанған. Дарияның құяр сағасын жағалай жатқан елдің жігіттері теңізге түнеп, тіршілік етеді. Сонысымен отбасын асырайды. Балық десе, бір иық бұрылып кететін әдетімізбен, біз де осындағы ауылдарды бетке алып келеміз. Барар жеріміз – балық өсіру питомнигі орналасқан Қосжар ауылы.

Сәл шегіңіз жасасақ, Ленин хатына жауап ретінде Арал балықшылары теңіз несібесін жіберді дедік қой. Ат пен түйенің күшіне сенген аталарымыз арба мен шанаға артқан балықты Бөгеннен бастап Қамбаштағы стансаға жеткізгенін көзіқарақты оқырман біледі. 14 вагон балықты тиеген Қамбаштағы пақтауз әлі тұр. Ескі тарихтың куәсіндей болған бұл нысанды жергілікті халық ауызша «бегауыз» деп атайтын. Сапар барысында оны да суретке тарттық. Өкінішке қарай, қазақ ғана емес, түрлі этнос өкілдерінің напақасын айырған қасиетті ғимараттың күйі қашқан. Бір уақытта іші-сырты әбден тоналған пақтауздың бүгінде құр сүлдері ғана тұр. Бұл да – біздің тарихымызды қадірлеуден, елдігіміздің еңсесін биіктететін идеялардан алыстау жатқанымыздың көрінісі.

Қош, Қосжарға да келдік. Арал ауданына қарайтын ауыл 55 жыл бұрын құрылған. Мұнда балықшылар ғана емес, оны өсірушілер де тұрады. Анығында 1966 жылы 5 наурызда Қамбаш көлінің жағасынан теңіздің



тартылуына байланысты балық өсіру питомнигінің құрылысы түсті. Мақсаты – теңізден азайып бара жатқан асылтұқымды сазан, дөңмәңдай, ақ амур секілді балық түрлерін сақтау, көбейту, өсіру. Питомник түскесін, жұмысшы қажет. Жақын маңайдағы ауылдан көшіп келушілердің көбейген кезі де осы тұс. Міне, бір питомниктің арқасында бір ауыл осылай пайда болған деседі. Ал Қосжар деген атауға келсек, көл жағалай арасы шақырымға жуық екі жар бар. Дәл ортада ауыл орналасқан. Қосжар атауы жер бедеріне байланысты берілгені осыдан-ақ белгілі.

– 1965 жылы осында көшіп келдік. Сол кезде балық өсіретін тоғандар салынып жатты. Мекеме әлі жұмыс бастамаған кез. Сонда 5-6 үй ғана болды ғой. Күлмаш, Бимаш, Сүлеймен дейтін ақсақалдардың шаңырағы отырды. Қамбаштың бер жағында көне колхоздың ізі бар. «Сталин жолы» деп аталды. Сол елден де адамдар көшіп келді. Бес-алты жылдан соң мектеп, медпункт салынды. Дәуқария Аймағанбетов басшылыққа келген жылы осы Қосжарда шиферлі тамдар көбейген. Қазір бұл ауылда 100-ге жуық шаңырақ бар. Біраз азамат сол балық мекемесінде, одан бөлек, мектеп пен балабақша, әкімшілік пен клуб үйінде қызмет істеп келеді. Аудандағы көп ауылға қарағанда жұмыссыз жоқ елдің бірі осы – Қосжар шығар, – деді бізбен кездескен балық шаруашылығының ардагері Шарап Байбосынов ақсақал.

Кария өмірінің көп бөлігі питомникпен байланысты. Осы саладан зейнетке шыққан оның әлі де балық өсірушілерге үйретері көп. Бір қызығы, онда «жоғары білім», «диплом» деген нәрсе болмапты. Сірә, сол қатырма қағазды бұрынғы басшылар да керек етпеген сияқты. Шарап ата питомникте жай жұмысшы болып бастап, балықты қолдан көбейтудің жолын тәжірибе жүзінде үйренген. Сонысымен питомникте бас балық өсіруші деген лауазымға дейін өскен. Дала академиктері осылай пайда болған ғой.

Бұл кәсіпті қазір ұлы Қылышбек атқарады. Питомникке маңдай тері әбден сіңген Шарап әкеден ұлы да көп нәрсені үйренген. Қылышбек балықты өсіріп қана қоймай, оны «босандыру», аталығы мен аналығының күйін қарау, уылдырықтан бастап бір немесе екі жаздық балыққа дейінгі өсуін қадағалау сияқты жұмыстарды әбден меңгеріпті.

– Қарапайым тілмен түсіндірейін, – деді питомникте тоған бригадирі болып қызмет істейтін Қылышбек Байбосынов. – Үлкен 30 келіден жоғары аналық сазанды қолға түсіреміз. Одан бөлек он шақты аталық болады. Жұмыс барысында аналық балықты ұйықтатамыз. Оның да процесі болады. Ұйықтаған балықтың салмағын өлшеп, соған сәйкес екпе салынады. Кәдімгідей толғату жұмысы жүреді. Ұйқыда жатқан балықтың уылдырығы кәдімгі сөк сияқты су-сып түсуі қажет. Оны «балықтың жаялығы» дейтін болады, соған сығып салып, арнайы қалбырға аударамыз.

Ендігі жұмыс аталық балықпен болады. Ол жерден үш аталықтың шоғалын (ұрығын) алып, әлгі аналықтан алған уылдырыққа араластырамыз. Бұл жерде бір аналыққа үш еркек балықтың шоғалы қажет. Айтпақшы, уылдырық пен шоғалды араластырғанда, бұған тек құстың қауырсынын ғана пайдаланамыз. Өйтпесе болмайды, уылдырықты зақымдамау үшін құстың жұмсақ қанаты ғана жарайды. Одан соң жаңа сауған сиырдың таңғы сүтінің бір литрін он литр суға араластырып, уылдырыққа қосып тағы араластырамыз.

Қылышбек ағаның айтуынша, уылдырықтан майда балық өніп шығам дегенше жұмыс өте күрделі жүреді. Әлгі айналып жатқан уылдырықтың екі-үш күннен соң дернәсілге (личинка) айналып, су ішінде сусылдап жүргенін байқайсың.

Питомникте уылдырықтан бастап 30-40 грамдық шабаққа дейінгі бағу, санау, тоғанға жіберу, тоғандағы балықты жемдеу, одан көлге тасымалдау сияқты жұмыстар жыл бойы үздіксіз жүре береді.

Енді мұндағы жұмысшылардың бір тілегі бар. Ол – питомникке күрделі жөндеудің керектігі. Егер ғимарат пен басқа да құралдар, техникалар жаңартылса, бұл кәсіпорынның жалғыз облыс қана емес, басқа өңірлердегі көлдердің балық қорын көбейтуге шамасы жетеді.

Айта кету керек, Қосжардағы питомник пен оның Қаратереңдегі «Тас-так» учаскесінде балық өсіруге арналған арнайы инкубациялық цехтың бірі гуманитарлық көмек арқылы Израильден келген құралдармен жабдықталған. Облыстағы балық қорын көбейту мақсатында республикалық бюджет қаржысымен жыл сайын Кіші Арал теңізіне және «Ақшатау» мен «Қамыстыбас» көлдер жүйесіне осы «Қамыстыбас балық питомнигі» РМҚК арқылы бір жаздық 14 млн 800 мың және екі жаздық 420 мың шабақ жіберіледі екен.

Ол өлсе де еті адал болмақ

Балықшы қауымды сөйлетсек, ескі әңгімеге жүйрік. Қосжарда кездескен Қылышбек Байбосынов айтқан мына әңгімеге құлақ түріңіз. Сапар барысында Қылышбекке сұрақ қойғанбыз. Диалогқа қараңыз енді.

– Осы ең төзімді, құрғақта бұзылмайтын қай балық?

– Кәріп қой. Дұрысы, сазан дейкіші. Одан кейінгісі – жыланбалық. Патшағар су болмаса да, батпаққа басын тығып жата береді, – деді Қылыш аға күліп.

– Сазанды естігенмін. Ресейдің ақ патшасына қалай тірі апарғаны ғажап енді.

– Сол ғой. Бұл сазан жарықтықтың қабыршағы мен желбезегі құрғамаса болды, тірі жата береді емес пе?!

– Рас екен-ау, – дедім мен. – Патшаға біздің аралдық балықшылар кәдімгі мөңкені сулы киізге орап апарған дегенді оқып едім. Мөңкеңіз сазан тұқымдас қой. Атарбамен айшылық жүретін жерге тірі балықты қалай жеткізді десем, сулы киіз сәл дегдесе, үстіне су құя берген көрінеді. Мәскеуге дейін киізді кептірмеген болып тұр ғой сонда.

– Иә, әлгінде айтқанымдай, сыртқы қабыршағы мен желбезегіне су тисе болды, тірі күйінде жатады.

– Онда патшаның алдына құйрығымен жер сабалай, шоршып түсті десеңші, – дедім мен де мәз бола.

– Балықтың қасиетін енді ұғып келеміз ғой. Әйтпесе, адам денсаулығына керекті көп мөлшердегі дәрумендер осы балықта, – деп сөйлеген Қылышбек сәл ойлана, әңгімесін қайта жалғастырды. – Саған бір әңгіме айтып берейін. Мүмкін, оны газетіңе жазарсың, жазбассың. Бірақ, жүрген жерінде айта жүрсек болады. Менің де шалдардан естігенім ғой.

– Айтыңыз, маған да керегі сол, – дедім елеңдей...

«...Бір пенде Құдайға қатты ренжіпті» деп басталады бұл әңсананың басы. Неге ренжігенін кім білсін, әлде өмірінде кездескен қиындыққа төзбеді ме, әйтеуір қатты ашуланғаны сонша, «Құдайды атам» деп жиініпті. Иә, қатты кектенгені сонша, атар оғын күні бұрын дайындап, садағын әбден сайлайды ғой әлгі антұрған.

Қош, сонымен әлгі Жаратушыға кекті пенденің бәлкім ертеңгісін, бәлкім түсте, мейлі кеш дейікші, садағын көкке қарай кезеніпті ғой. «Әй, мен білсем, Құдайың осы тұста болар» деп оғын көздеп, садағын тартып жібергенге ұқсады.

Енді қызығын қараңыз. Құдай да бұның жағдайын түсініпті. Түк те ашуланбапты. Керісінше, «байғұс, пендем-ай, сені қалай жарылқасам екен» деп кәдімгідей мейірімі түсіпті. Сөйтіпті-дағы да әлгі ренжіген пендесінің атқан оғын кері қайтарған ғой. Бос қайтармаған, садақ оғының басына бір балықты іліп жіберіпті дейді.

Аңыздың келесі бөлігінде жаңағы кекшіл мергеннің жағдайы белгісіз. Бізге белгілісі балықтың жайы ғана.

Садақ оғының басында кеткен балық кейіннен ана дүниеге барып өкпесін жеткізеді ғой.

– Уа, Жаратушым, – деп жыламсырапты балық сонда. – Әлгі бейшара сені тілдеп дымыңды қалдырмағанда, оны жазықты етудің орнына, мені оққа қығаның қалай?!

– Оның рас, – депті. – Бірақ, ендігі жерде сенің де басына бір артықшылықты берейін. Мен әу баста адамзатқа ненің арам, ненің адал екенін белгіледім. Оның ішінде өзіне тиесілі аң-құс, жан-жануардың бауыздалмаса, еті арам болатынын айттым. Ендігі жерде сенің етің адал. Тіпті, судан шығып, өлген күйі де адамзат пайдасына жарай бересің. Ендігі орның пейіште болады...

Міне, қызық! Малды бауыздап, адалдайтын, арам өлгеніне жуымайтын қазақтың ауға оралып, су бетіне әлдеқашан шыққан балықты өлсе де жей беретіні осыдан шығар. Біз есіткен балық жайлы аңыз-әпсананың бірі осы еді, оқырманым. Осы әңгіменің әсерінен айықпаған күйі Қаратереңге қалай жеткенімізді байқамай да қалдық.

Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



● ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ – 175



«Халық – менің шын атым»

немесе Жамбыл музейіне барғанда

Ақын атымен аталатын аудандағы оның туған ауылына келіп, әдеби-мемориалдық музейге арнайы тоқтадық. Музей аумағы атшаптырымдай баққа орналасыпты. Меңгерушісі Салтанат Тезекбайқызы Жамбылова – ақынның немересі. Алдымен бақ төріндегі жыр алыбы жерленген орынға барып, дұға бағыштадық. Кесене 1946 жылы салынған, эскизин Әбілхан Қастеев сызған. Кейін 125 жылдығында іші-сыртын ақ, қара мәрмәр таспен қаптаған, одан соң да бірнеше рет күрделі жөнделген. 150 жылдығы қарсаңында күмбезі биіктетіліп, алдына ақынның киелі қызыл жолбарысы мен домбыра мүсіні қойылған.

Ақынның оң жағында – атакты композитор, күйші Нұрғиса Тілендиевтің мәңгілік мекені. Кабір басына оркестрге дирижерлік жасап тұрған ескерткіші орнатылыпты. Мәрмәр тасқа «Өскен жерге сыймай кетіп барады, өскен жерін қимай кетіп барады» деп, әйгілі әннің сөзі қашап жазылдыты. «Мені Кеңсайға кім іздеп барады дейсіз? Мында Жәкеме он адам келсе, соның бесеуі келіп басыма құран бағыштаса, маған сол да жетеді» депті ұлы композитор. Әулие екен, жарықтық! Шынымен жыр алыбына зиярат жасауға келгендер Нұрғиса Тілендиевке де дұға оқымай кетпейді. Біз де тізе бүгіп, Құранға қол жайдық.

Жамбыл ақын өзі: – Қақаған қар аралас соғып боран, Ел үрей, көк найзалы жау торыған. Байғара, Жамбыл, Ханда мен туыппын, Жамбыл деп қойылыпты атым содан, – деп айтқандай, ақын Шу өзенінің бойында, жаугершілік заманда дүниеге келіпті. Балалық шағы сонда өткен, кейін ата-бабасының мекеніне қайтып келген. Жамбылдың жыр-дастандары, айтыстары, өлеңдері – қазақ әдебиетінің алтын қорын толықтырған туындылар. 1936 жылы Жамбыл ақын Мәскеудегі қазақ өнері мен мәдениетінің тұңғыш онкүндігіне барады. Осы сапардан бастап өлеңдерін жазу алуға, аударуға әдеби хатшылар, аудармашылар тағайындалады.

Музей орналасқан 12 бөлмелі үйді 1938 жылы Жамбыл 92 жасқа толғанда Қазақстан Үкіметі салып берген, Алма-тыға қатынап тұру үшін көлік мінгізген.

1-бет

Кітап көрмесі ашылды

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханада Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл толуына орай кітап көрмесі ашылды. Оған ақынның айтыстар жинағы, ол туралы монографиялар, мақалалар қойылған.

Көрмені ашу рәсіміне филология ғылымдарының кандидаты, профессор Ұлжан Жаңбыршиева қатысып, ақынның өмірі мен шығармашылығының зерттелуі туралы айтыты. Қазір М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Кенжехан Матыжанов бастаған бірқатар институт ғалымдарының қолдауымен жамбылтанудың жаңа кезеңі қолға алынып отыр. – Жамбылдың зерттеуші Есмағамбет Смайылов, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Әуелбек Қоңыратбаев, бүгінгі Темірхан Тегеменов сияқты ғалымдар көп. Ел өміріндегі табыс пен жаңғыруды, жеңіс пен ерлік істерді ерекше шабытпен жырлаған ақынның терең зерттеуді қажет ететін шығармалары баршылық. Жамбылдың революцияға дейінгі өмірі де әлі толық зерт-

телмей келеді, – деді Ұлжан Жаңбыршиева.

Іс-шарада облыстық кітапхана ұйымдастырған эспелер аймағының жеңімпаздары да марапатталды. Үш санат бойынша өткен сайысқа 52 талапкер қатысқан. Байқау қорытындысымен студенттер арасында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті Альбина Шакизาดา, мұғалімдер мен оқырмандар арасында Арал аудандық Абай атындағы кітапхана оқырманы Перизат Елеуліқызы, оқушылар арасында №196 қазақ орта мектебінің оқушысы Назым Әбілбашар жеңімпаз атанды.

Эпидемиологиялық ахуалға байланысты марапаттау рәсімі онлайн өтті. Іс-шара соңында ақын өлеңдері оқылып, жаңа көрме оқырмандарға таныстырылды.

Биболат СӘТЖАН

● ТАҒЗЫМ

Ақыл ажары, сабыр серігі еді

Өмір, тағдыр дегенің қызық қой, кейде болжамаған, өз ақыл-ойыңмен зерделеп өткізуге қабілетің жетпейтін таңғажайыптарды алдыңа тоса салатыны бар. Нұрекен, Нұрділда Ұәлиұлы туралы жазуға қолыма қалам алғанда ол кісімен араласқан, жақын жүрген, көңіл сырын ақтарған ширек ғасыр ішіндегі бір сәйкестік есіме еріксіз орала кеткенін қайтерсіз. Ал, тағдырдың бұл сәйкестігі менің ол кісінің азаматтық, адами болмысына деген сағыныш сезімімді туғызған еді.

С Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы»

Осы бір ақылдың кені, ойдың тереңі болған тұлғаның өмірден өткеніне де он жылдың жүзі болыпты. 1985 жылдың шілде айында Нұрекен зейнетке шыққан Қалқабай Әбеновтің орнына қазіргі «Сыр бойы», сол кездегі «Ленин жолы» газетіне бас редактор болып тағайындалды. Арада бір-екі ай өткенде сол газетте корректорлық (бұл техникалық қызмет болып саналады) жұмыста жүрген мені жаңа бас редактор газет аппаратына – тілшілік қызметке тағайындау туралы бұйрыққа қол қойған еді. Ол кезде облыстық партия комитетінің органы, облыс түгіл, есімдері республикаға танымал адуынды қаламгерлермен «Ленин жолында» қатар қызметтес болу мен үшін үлкен абырой, сонымен бірге үлкен сын еді.

...2011 жылдың ақпаны. Арада 26 жыл өткенде азды-көпті жетістіктерімді бағалап, тәжірибесіздіктен жіберген кемшіліктерімді кешіре білген, тіпті отбасыммен де аралас болған абзал азаматты соңғы сапарға шығарып салу рәсімінде облыстың зиялы қауымы алдында сөз сөйлеу кезегі маған да (сол кездегі қызметіме сәйкес) тиген еді. Бұл енді менің пайымдауымша, әке мен баланың, ұстаз бен шәкірттің, ширек ғасыр ішіндегі қалыптасқан ұрпақтар сабақтастығының сирек кездесетін тағдырдың жазуымен келген өмір заңдылығының сәйкестігі еді. Абзал азаматпен қимай қоштастық. Ақпанныңызғарлы, өңменінді тесіп жіберетіндей аязды өпкек желіне қарамастан, қаралы митингіге көп адам жиналды. Бұл елдің, Сырдың белгілі азаматтарының ол кісіге деген үлкен құрметі болатын. Нұрекенді осылайша соңғы сапарына шығарып салдық. Сол сәттен бері он жыл уақыт өтіпті, сағыныш сезімі бізді өткен ғасырдың 80-жылдарының бел-белестеріне қарай жетектей жөнелген еді...

Өткен ғасырдың 80-жылдары облыстық газетте үлкен өзгерістер кезеңі болды. Жаңа редактор жұмысын редакция аппаратын жаңартудан, жасартудан бастады. Зейнетке шыққандар қатары жас толқынмен – Оразбек Мақсұтұлы, Қазі Данабаев, Қуаныш Махамбет, Жолтай Әлмашұлы, Несібелі Рахмет, Сәрсенкүл Бижожа секілді оқырмандарға есімдері танымал бола бастаған қаламгерлермен толықты. Сол жылдары «Ленин жолында» үш буын ұрпақтың өкілдері қатар қызмет істеді.

Нұрекен қаталдау келді. Обкомның темірдей тәртібіне әбден қалыптасып кеткендіктен бе, әлде табиғи жаратылысынан ба, әйтеуір Нұрекеннің тәртібіне бағыну дегеніңіздің уақыт өте келе, жалпы дұрыс жүру, орнымен сөйлеу, орнықтылық, ұстамдылық сияқты ұғымдармен сабақтас екенін біз санамызбен түсініп, қабылдай бастаған едік. Себебі осылардың барлығы Нұрекеннің бойына жаратылысынан сіңісті болған қасиеттер еді.

Нұрекеннің бас редакторлық қызметі Кеңес жүйесіндегі қайта құру кезеңімен тұспа-тұс келді. Жетпіс жылдың ішінде қатып-семіп қалған идеологияның мазмұны мен сипаты өзгеріп жатқан осынау алмағайып тұста насихаттың бағыт-бағдарын айқындап алудың өзі қиынға түсті. Көпшілігі ненің не екенін түсінбей дағдарды.

Қайта құру мемлекеттік кәсіпорындарда, мекемелерде басшыларды балама кандидатуралар ұсынып, ұжым мүшелерінің сайлауына ұласты. Демократия шарпымен өтетін жиындар кейде даурықпаға айналды. Мекемелер мен кәсіпорындарда Компартия қатарынан өз еркімен шығу үрдіске айнала бастады. Әрине, осылардың барлығы газетке көрініс табуы қажет еді. Себебі, газет – өмірдің айнасы, елде, қоғамда жүргізіліп жатқан, қалың жұртшылықтың санасы әлі қабылдай қоймаған өзгерістерді оқырман Нұрекеннің өзі басшылық жасап, сол жылдары таралымын 60 мың данаға жеткізген облыстың жалғыз газетінен күтуші еді.

Бас редактор бұл тұрғыда байыпты көзқарас ұстанды, демократияның буымен желпінгендердің үстірт ойларына сақтықпен қарады. Шындығын айту керек, ұзақ жыл партия номенклатурасының үлкен сатыларында лауазымды қызметтер атқарған Нұрекеннің сол жылдары қоғамдық пікірде орныға бастаған «бюрократтық» дейтінінен болмысы таза еді. Ол адамның ішкі жан дүниесін танып, ақ пен қараны, жанашырлықтан туған ізгі ниет пен дау-дамайға үйірсектердің өз басын күйттейтін іс-әрекеттерінің аражігін ажырата білді. Сонымен бірге дұрыс жерінде бас редактор ретінде өзінің принципті көзқарасын білдіріп, газетке өткір-өткір сын материалдардың жариялануына ықпал жасады.

Бас редактордың облыс өкіріндегі үлкен беделі біздің – жастардың еркін жазып, еркін тыныс алуымызға едәуір септігін тигізді. Ол тәжірибесіздіктен жаңсақ басқан журналистерді «азуы алты қарыс» лауазым иелерінің алдына жығып бермейтін, сонымен бірге оңашада әлгі журналисті со-



пайы ғана «сыбап» алатын еді. Нұрекен қаламгерлер арасындағы өзіндік ой-пікірі, ұстанымы барларға іштей, сырт көзге сездірмей құрметпен қараса, бірлі-жарым болса да кездесіп қалатын жағымпаздардан бойын аулақ ұстады. Сондықтан болар, бас редактордың кабинетіне шақырусыз ешкім кіре бермейтін. Кіре қалғанның өзінде көпшілігі ол кісінің қас-қабағынан қаймығатын, әңгіме тыңдауға құлықсыз редактор мұндайларды үнсіз қалып сілесін қатыратын еді. Ол редактор ретінде алдымен газеттің қам-қаракетін, абыройын ойлады, одан соң ұжым мүшелерінің жай-күйіне назар аударды, лауазымының жеткен жеріне дейін, сөзінің өткен жеріне дейін барып айтып, көмегін, қамқорлығын аяп қалған емес. Осынысымен ол өзі басшылық еткен ұжымда беделді болды, абыройын асырды. Ойы таза, ісі таза, қолы таза басшы жалпақтамай, жалтақтамай тұра жүреді, турасын айтады. Біз білетін Нұрекен осындай басшы, осындай редактор болды. Өзі әділ болған соң, кейбіреулердің ретсіз жалбақтағанын, жарамсақтанғанын ұнатпайтын, жирене қарайтын.

Әрине, әлгі айтқан 80-жылдары «Ленин жолында» сол жылдардың сипатына, мазмұнына тән интригалар да болмай қалған жоқ. Билік жүрген жерде орын алатын сөз тасу, көреламашушылық, жеке басты күйттеушілік дегендер Нұрекенді де кәдімгідей төзімділікке сынап баққан еді. Сол жылдардағы обкомның бірінші хатшысы Еркін Әуелбековке Нұрекенді жамандап, аузынан шықпаған сөзін «айтты» дегіздірген келенсіздеу, кісінің жүйкесін тоздыратындай қолайсыз әңгімелер де болды. Ақыры мұның соңы редакция алқа мүшелерін обкомның бірінші хатшысының қабылдау сәтінде Еркін Нұржанұлы көпшілік алдында ескертпе жасауымен аяқталған еді. Бірінші хатшы бас редакторға: «Вы, осторожнее на поворотах...» – дегенде, Нұрекен жүріс-тұрысы, болмысы сағат тіліндей сарт-сұрт еткен мінезінен таймай табан астында: «Еркин Нуржанович, я и на прямом пути осторожен», – деп мүлгіген тыныштықты өзінің таза, шын пейілден шыққан сөзімен бұзып жіберген еді. Осы жолы бірінші хатшы бас редактордың шынайы болмысын танып білді. Обком хатшысы мен бас редактордың ара қатынасына сына қаққысы келгендердің пиғылы іске аспай қалды.

Жалпы, Еркін Нұржанұлы кейін Нұрекеннің азаматтығына тәнті болды. Мәскеуге Жоғарғы Кеңес депутаты болып кетіп, елге келгенде редакция қаламгерлерімен кездесіп, еркін сұхбат құрғанының өз басы тікелей куәсі болған едім. Бұл енді Ерекеннің Нұрекенге деген сыйластығының бір белгісі еді.

Нұрекен шынында түзу жолдың өзінде де әрбір қадамын абайлап басатын, кез келген шешімді мың ойланып, толғанып барып қабылдайтын басшы еді. Сол қасиеті үшін де ол Қызылорда облысының Исатай Әбдікәрімов, Тәкей Есетов сияқты бірінші хатшылары билік құрған кезде обкомның үш бірдей бөлімін басқарды. Ұқыптылығы, тиянақтылығы, тазалығы, азаматтығы ол кісіні осындай биліктің жоғары сатысында ұзақ отыруға негіз қалады. Ал облыстық «Ленин жолы» газетінде бас редактор болуы обкомның бірінші хатшылары – Еркін Әуелбеков пен Сейілбек Шаухамановтың билік тұсына сәйкес келді. Олармен де қызметі түсіністік, сыйластық деңгейінде болғанын атап өткіміз келеді.

Нұрекеннің жылдың асында өзіміз куә болған мына жайтты атап өткім келмейді. Сейілбек Шаухаманов сол ас рәсімінде төгілте, тебірене сөйледі.

– Республикада аузына берік, сыр сақтай білетін екі адам болса, соның бірі – Нұрділда Ұәлиев. Әділдікке жүгінді, кадр тағайындауда әділ төреші болды. Бірақ базбіреулер секілді «сен туралы жақсы лебіз білдірдім» деп өз беделін саудаға салудан бойын аулақ ұстады, – деген еді. Бұл айтылғандар ол кісінің обкомның партиялық ұйымдастыру бөліміне басшылық жасаған кезеңіне қатысты болатын.

Асылы, Нұрекен туралы айтқанда бірқатар қаламдастарымыздың қаламына өзек болған мына оқиғаны оқырмандар есіне тағы сала кетудің артықтығы жоқ шығар. 1989 жылдың 2 ақпанында Қызылордада Арал проблемасы жөнінде республикалық кеңес өтетін болып, оған экология мәселелеріне қалам тартатын республиканың журналистері, сондай-ақ Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Г.Колбин,

басқа да ресми адамдар ұшып келді. Үлкен алқалы жиында көрнекті ақын, Арал мен Балқаш және Қазақстан экологиясы жөніндегі қоғамдық комитет төрағасы Мұхтар Шаханов көпшілікті дүрліктірген сенсациялық мәлімдеме жасап:

– Жуырда Арал проблемалары жөніндегі қоғамдық комитетке бұрынғы КГБ полковнигі, Ұлы Отан соғысының мүгедегі, тоғыз орденнің кавалері, Қызылорда облысының тұрғыны Байдырахман Садықовтан Арал қорына өз еңбегімен жиналған қаржыдан 100 мың сом аудару жөнінде өтініш келіп түсті. Оның тілегіне байланысты бұл ақшаға Арал қаласында пионерлер үйі салынатын болады. Біз жерлерістеріміздің тамаша патриоттық ісін жоғары бағалаймыз, – деді.

Мәжіліске қатысушылар дүркіретіп қол соқты. 100000 сом! Бұл ақшаға сол кездегі нарықпен 20 «Жигули» сатып алуға болатын еді. Бірақ, қуанышты хабарды неге екені белгісіз Нұрекен газетке жариялауға асықпады. Бұл оқиғаның одан әрі өрбуі Остاپ Бендердің құлық-сұмдығынан да асып түсетін еді. Обком облыстық газетті, дәлірек айтсақ, «Ленин жолының» редакторына қысым жасай бастады. Бірақ Нұрекен барлық газеттер, оның ішінде облыстық «Путь Ленина» газеті Байдырахман ақсақалдың керлігін» жамырап жазып жатқанда міз бақпай сіресіп отырып алды. Сенсация дүмпуі алғашқы кезде соншалықты қысқақпа алса да, Нұрекеннің тартыншақтай бергенінің сыры неде? Демек, қолында бір дерек болғаны ғой.

Әріптесім Оразбек Мақсұтұлына (марқұм) бұл туралы Нұрекен:

– Менде екіұдай мәлімет болған емес, – дейді. – 100000 сомның хабарын естігеннен санамда сенім мен күдік күресі арпалысып жатты. Ол кісімен сырттай ғана таныстығым бар. Мақтангерлік әңгімелерін естіп, ішімді тартып қалатынымын. СОКП Орталық Комитетінің хатшысы Кирилленконың күйеу баласы-мын (әйелі орыс екені рас) дейді екен. Біреулерді ықтыру үшін Мәскеу жақты жағалап қайтатын... Қаншама ұсыныс болса да неге екенін білмеймін, жарқыратып жарнамаалуға бүйрегің бұрмады. Ақыры алаяқтығы әшкереленді ғой... – деген еді.

Енді мәселенің мән-жайына келейік. Алғаш дабыл қаққан КГБ-ның запастағы полковнигі Серғара Ізтілеуов болды. Зиялы зейнеткер Шиеліде тұрады екен. Ол обкомға, КГБ-ға жолдаған хатында Байдырахман Садықовтың қауіпсіздік органы қызметкері екендігіне күмән келтіреді, қалтасында соқыр тиыны жоғын жазыпты. Осыған орай тексеру жүргізіледі. Нәтижеде «кәсіби барлаушы» кәдіуліг көз-бояушы болып шығады. КГБ «полковнигің», «миллионерді» әшкерелеуге сол кездегі Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің полковнигі Әмірхан Бәкірұлы ынта-шынтасымен кірісіп, оның құжаттары жалған екенін анықтады. Қысқасы, жай ғана алаяқ болып шықты.

Біздің пайымдауымызша, Нұрекенді жаңылыс, жаңсақ бастырмаған интуиция. Қазақша ұғымға салғанда, нәзік сезімталдық. Ал бұл дегеніңіз – кәнігі барлаушыға тән қасиет. Осыған қарап ол кісінің бойында біз білмейтін небір ғажайыптардың өз кезегін күтіп, сыртқа шыға алмай бұлқынып жатқанын байқаған болар едік.

Нұрекен – досқа, жолдасқа берік адам. Әлдекімдердей тайқып шығу, бұрылып кетуге жоқ. Жастық шақта бірге өскен, қызметі қатарлас Дәуірхан Айдаров, Ұзақ Еспанов, Хамит Ембергенов, Нұрмақ Тоқмырзаев, Абдолла Дәулетов, Бекен Мұсаев, Шәкірат Дәрмағамбетов, тағы басқалармен көп жыл сырлас болды. Ол кісі Абдолла, Ұзекендерді жолдас болуға жарайтын, үздеге берік жандар екенін жиі айтып отырушы еді. Алматыдағы ғалым Тотай Тұрлұғұлов, Сапиолла Абдулпаттаев бірге оқыған, институтта бір түйір нанды бөліп жеген сырластары еді.

Н.Уәлиев өзі 60-жылдары бас редактордың орынбасары, кейін бас редактор болған «Сыр бойы» тарихын зерттеп, Мәскеу, Ленинград мұрағаттарында тынымсыз еңбек етті. Одақ тарағаннан кейін газеттің бұрынғы атауының қайта оралуына атсалысты.

Нұрекен туралы көп жазылды, әлі де жазыла беретініне күмәніміз жоқ. Ол кісімен бірге біздің қайтып оралмайтын мұңсыз, бақытты жастық шағымыз, ешкімге ұқсамайтын текті болмысы, қайталанбайтын азаматтық тұлғасы келмесе кетті. Біз жастық шағымызды, Нұрекенді сағынамыз...



● **НӘЛҚОЖА ЕРГЕШБАЕВ – 90**

ПАРАСАТТЫ БОЛМЫС

Мен Нәлқожа Ақбалаулы Ергешбаевпен Қызылорда политехникалық техникумында оқытушы болып жүргенде 1975 жылдың қыркүйек айында кездестім. Ол жылдары жоғары және орта оқу орындарының студенттері Сырдың басты байлығы – күріш жинауға ауыл адамдарына көмекке келетіні үйреншікті нәрсе еді. Бұл кездесу Ақынбай Төкберішов басқаратын «Тереңөзек» совхозы 9-бригадасының күріш атызында болды. Ол көгілдір кепка қоныр күдері етік, кенен ашық түсті жазғы шалбар және қысқа жең көйлек киіпті. (кейіннен бұл сол кездің басшыларының астық жинау науқанына киетін бірыңғай формасы екенін білдім). Бригададағы жұмыстың қарқынына көңілі толмай, зveno бастығы мен бригадирге кемшіліктерін айтты. Сырт көзге денелі әрі ірі адамның бір шылымнан соң екіншісін тартып екі үлкен кісіге ұрысып тұрғаны оғаштау көрінді.

Бірақ менің алғашқы әсерімнің алдамшы болғанын өмір көрсетті. Бірнеше күннен кейін студенттермен осы совхоздың 1-бригадасында жұмыс істеп жүргенде түскі ас кезінде келіп, бізбен ашық-жарқын әңгіме құрып, бірге тамақ ішіп, шүйіркелесіп отырды. Шаруашылық директорсы Әділ Атақаевтан, қатардағы күріш шаруашылығымен айналысушы Күләш Әсімовадан (кейіннен Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты), Абылай Сейтеновтен (ВЛКСМ сыйлығының лауреаты) науқан кезіндегі қызу жұмыстар мен астық жинау мерзімін аяқтау барысын сұрастырып, арасында қалжыңдап та қояды. Барыныша қысқа қайырды, ол аудандағы жағдайды жақсы білетін және оның даму қарқынын жоғарылатуға мүмкіндігі барын байқадым.

Кейіннен облыстық партия комитетінде жұмыс істеп жүргенімен Нәлқожа Ақбалаулымен бірнеше рет кездесуге тура келді және әр кездесуде ол тұрғалық жаңа қырынан көрінетін. Ол саналы өмір жолын Отан мен халық мүддесіне арнады. Ағамыз Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының «Бірлік» елді мекенінде 1931 жылы 1 наурызда өмірге келген. Еңбек жолын Арал қаласында машина-трактор бақылаушы-инженер, механик болып бастап, содан кейін Тереңөзек ауданындағы «Аламесек» машина-трактор стансында бас инженер, директор болып қызмет атқарды. 13 жылдан астам уақыт облыстық «Казсельхозтехника» бірлестігінің төрағасы, 1974 жылдан бастап зейнеткерлікке шыққанға дейін (1992 жыл) Сырдария аудандық атқару комитетінің төрағасы, Тереңөзек пен Сырдария аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшысы, Сырдария аудандық атқару кенесінің төрағасы болып еңбек етті. Нәкен барлық жауапкершілігі мен қиындығы мол қызметтерді абыроймен атқара білді. Маңдай терінің және адалдығының арқасында асуларды абыроймен алып, халықтың ықылас-пейіліне бөленді.

Ағамыз мәрт мінезді, адал және өз ісіне берілген азамат еді. Көп сөйлемейтін, бірақ қарамағындағылардан бір нәрсені – өз міндеттерін адал атқаруды талап ететін. Ауыл шаруашылығы мәселелерін егжей-тег-

жейлі білетін, еңбексүйгіш, ешқашан уақытпен санаспайтын жан еді. Қандай да бір ерекше тәрбиелік құпиялары, әдістемесі болған жоқ. Өзінің жеке үлгісімен, күш-жігерімен және өмірсүйгіштігімен тәрбиелей білді. Жаңабай Азаматов, Алдаберген Бисенов, Шамахан Күндызбаев, Әділ Атақаев, Нүрділдә Нақыпов, Ыбырай Сейпулов және өзге де азаматтармен қызмет жасады.

Нәлқожа Ақбалаулы кісілігі мен кішілігі қатар жүретін қарапайым жан еді. Ол ешқашан достық сезіммен айттылған қағытпа қалжыңдарға ренжімейтін, түсіне білетін. Тіпті одан едәуір жас біздің өзіміз мейірімділігі мен ақжарқын, аңқылдақ мінезін пайдаланып кей кездері өткір қалжыңдап алатынбыз. Маған әрдайым құрдастарының достық әзілдері ұнайтын. Елеу Көшербайұлы Көшербаев, Бодаш Уәлиұлы Уәлиев, Нүрділдә Уәлиұлы Уәлиев, Абдолла Даулетұлы Даулетов, Ернияз Омарұлы Омаров, Нұрмақ Тоқырзаұлы Тоқырзаев сынды азаматтардың Нәлқожа Ақбалаулымен әзілдері, жарасты қағытпа қалжыңдары бізді қызықтыратын. Құрдастарының әзіліне ағамыз ешқашан ренжімейтін, оларға көңілжықпас пейілмен қарайтын. Әйтсе де, құрдастардың шағып алар қалжыңдары өткір еді.

Ол кісі әрқашан бірінші орынға жұмысты қоятын. Білімі мен күш-жігерін уақытпен санаспай жұмысқа жіберетін, кей кезде денсаулығы мен бос уақытын да жұмысқа сарп ететін. Өзі ерекше жалындап тұратын және өзге серіктестерімен, әріптес азаматтардың да жалындап-жарқарып тұруын талап ететін. Ағаларға қарап қол іздеу – өмір мұраты. Сейілбек Шаухаманов, Дина Есжанқызы Айсина, Алмагүл Божанқызы Божанова, Сейілбек Асқаров, Кеңес Бошайбеков, Бақыт Мықанов, Апбас Камалладин, Сәрсенкүл Сәрсенова, Алдаберген Көлбаев, Қожабек Дәдікбаев және тағы басқа көптеген азаматтар Нәкенің жеке қамқорлығы мен қолдауының арқасында өз ісінің майталмандары болып өсті.

Қатардағы еңбекшілерді моральді түрде көтермелеп, оларға да қамқор бола білді. «Шіркейлі» совхозынан

күріш шаруашылығымен айналысушы Балдырған Мұстапаева мен «Қараөзек» совхозының қойшысы Ахмет Халықов «Социалистік Еңбек Ері» атағын алды, күрішшілер, механизаторлар Зинадин Лекеров, Абат Сүлейменов, Тұрсын Балапанов, Болат Нұрсейітов, Қыдырқожа Майлықожаев, Бексүлу Синаева және басқалар жоғары дәрежелі ордендердің иегері болды. Еңбек адамдары өз кезегінде Нәлқожа Ақбалаулын құрмет тұтып, үлкен сенім артты. Ол КПСС-тың XXVI съезінің, Қазақстан Компартиясының бірқатар съездерінің делегаты болып салынды. Соншама мемлекеттік жоғары марапаттаулардың есі болып тұрып («Ленин», «Октябрь революциясы», «Еңбек Қызыл Ту» (екі мәрте), «Құрмет белгісі», бірқатар медальдар), ол ешқашан дандайсымайтын. Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық дамуына едәуір үлес қосқан қарапайым, қатардағы еңбекшілер деп үнемі айтып отыратын.

Басқарушысы Нәлқожа Ақбалаулы болған он жылдың ішінде Тереңөзек ауданы облыстағы сапалы күріш дақылының үштен бір бөлігінен астамын беретін мықты индустриалдық-аграрлық аймаққа айналды. Мұнда сол жағалау магистральдық суландыратын канал бойында жайылығы мен сәулеті қалалық мекемелерден кем түспейтін, қазіргі заман талабына сай тұрғын үйлер, мектептер, емдеу мекемелері, мәдениет сарайлары тұрғызылды.

Ол кісі Сырдария ауданын басқарған кезінде өте тығыз қарым-қатынаста болдық. Жұмыс бабына байланысты облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Е.Әуелбековтің тапсырмаларының орындалуын тексеру үшін кемінде айына екі рет осы ауданға (ол облыс орталығына жақын болатын) баратынмын. Мүмкін құрдас болғандықтан шығар, Еркін Нұржанұлы мен Нәлқожа Ақбалаулының өзара қарым-қатынасы басқа басшыларға қарағанда жылы, сенімге құрылған болатын. Оның үстіне Е.Әуелбеков осы ауданнан екі мәрте Халық депутаттары облыстық Кеңесінің депутаты болды. Осындай мүмкіндікті пайдалана отырып, Тасбөгет ауылында жаңа әлеуметтік мәдени объектілер

ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ОРНЫҚТЫҚЫЗМЕТІ

Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту орталығы өткен жылы ауқымды жұмыс атқарды. Түзеу мекемелерінен жазасын толық өтеп шыққан, пробация қызметі мен жергілікті полиция қызметтерінде 385 адам есепке алынған. Оның 355 – і пробация қызметінің есебінде тұрса, 28-і – жазасын толық өтеп шыққан азаматтар. Оларға қазір құқықтық, психологиялық көмек көрсетіліп, 133 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Сондай-ақ, кәсіби оқыту, қайта даярлау және біліктілігін арттыру барысында биыл оқуға 39 азамат өтініш білдіріп, тіркеуге алынды. Соның ішінде 13-і қысқа мерзімді құрсақ жолданғып, қайтарымсыз грант алып, өз кәсіптерін ашуда. Бұдан бөлек, жазасын өтеген азаматтар әлеуметтік-медициналық көмектен де тыс қалған емес. Мәселен, «Жұмыспен қамту орталығы» арқылы атаулы әлеуметтік көмек (АСП) алуға 33 азаматқа, пәтер алу кезегіне тұруға 3, жер телімін алу кезегіне тұруына 11, құжаттарын қайта рәсімдеуге 9 азаматқа көмек көрсетілді. Пандемия кезінде 135 адам әлеуметтік көмек алды. Жәрдемақыдан басқа, азық-түлікпен қамтамасыз етіліп, барлық жағдай жасалды.

Қоғамнан алашақтап қалған жандарды қайта ортаға бейімдеуде мәдени іс-шаралардың орны бөлек. Осы ретте облыста түзеу мекемелеріндегі есепте тұрған жандардың қатысумен «Ашық есік» күндері, «Жұқа алдында кездесу», «Кітап» акциясы секілді шаралар өткізіліп, ондағы жандар өз ойларын ортаға салып, несие алу, кәсіп ашу секілді түрлі ақпараттармен қанықты. Мұның барлығы түрмеден кейін де өмір бар екенін ұғындыру, сонымен бірге мемлекет тарапынан жасалып жатқан мүмкіндіктерді көрсету болатын. Ендігі жерде сол мүмкіндікті пайдалана білу керек.

А.АДЫРАНОВ,
заңгер

Жарамсыз деп есептелсін

Бекмырза Ләйлә Кәрібайқызының атына Қызылорда облысының полиция департаментінен берілген КЗ №14889 қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Жүк тасымалдаушылар назарына!

ЖОЛДАРҒА УАҚЫТША ШЕКТЕУЛЕР ҚОЙЫЛАДЫ

Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 11.03.2013 жылғы №162 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланымдағы республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында 2021 жылдың 1 наурызынан бастап 1 сәуірге дейін жеке білікке түсетін жүктемесі 8 тоннадан артық автокөлік құралдарының қозғалысына көктемгі кезеңде шектеу енгізілетінін хабарлайды.

Аталған мерзімде автокөлік құралдарының жол берілетін біліктілік жүктемелерінен жалпы массасынан 20%-ке төмендету арқылы тасымалдау жүзеге асырылады. Жалпы пайдаланымдағы республикалық маңызы бар автомобиль жолдары бойынша өтетін ауыр салмақты автокөлік құралдарымен жүкті тасымалдау шектеулер есебімен арнайы рұқсатты алу арқылы жүзеге асырылады.

Министрлік бұйрығына сәйкес шектеулер таратылмайтын тасымалдар түрлері де белгіленген. Халықаралық келісімдерге сәйкес жүктердің және жолаушылардың халықаралық тасымалдарын, төтенше жағдайларды жою және алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын, зардап шеккен адамдарға гуманитарлық көмек, азық-түлік тауарларын, жолаушылар мен жүктерді, дәрі-дәрмектерді тасымалдаушылар және қарулы күштер көліктеріне мұндай шектеу енгізілмеген.

Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы.

Бақұл бол, ардақты әріптес

Үстіміздегі жылдың 24 ақпанында ардақты әріптесіміз, еңбек ардагері Абишев Жалеледин 70 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Абишев Жалеледин 1951 жылдың 4 қыркүйегінде Қызылорда облысы Арал қаласында дүниеге келген. 1972 жылы Жамбыл гидро-мелиорация-құрылыс институтын «Азаматтық құрылыс және құрылыс инженері» мамандығы бойынша бітірген. 1972-1996 жылдары ПМК «Қызылорда құрылыс» мекемесінде аға шебер, өндірістік техникалық бөлімнің инженері, 1996-2012 жылдары «Арна» акционерлік қоғамының басшысы, 2014-2019 жылдары «ҚазСуШар» ШЖК РМК «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалының «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінде аға шебер қызметін абыройлы атқарды.

Ардақты әріптесіміз білімділігін біліктілігінің арқасында өз ісін жетік білетін маман ретінде танытып, ұжымдастарының ортасында қарапайымдылығымен сыйлы бола білді.

Әріптес ағамыз Абишев Жалелединнің дүниеден озуына орай марқұмның отбасына және туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл қосын білдіреміз.

Бақұл бол, ардақты әріптес. Жатқан жеріңіз жайлы, иманыңыз жолдас болсын.

**«Нұра топтық су құбыры»
«Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың
бірлескен дирекциясы филиалының ұжамы**

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамының әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті компанияның жұмыскері, ҰКЖЖ бөлімі ұңғымаларды жөндеу бригадасының аға шебері

Тілеубаев Еркіннің

дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл қосын білдіреді.

рынан табылды. Отыз жылдан астам уақыт облыстық деңгейдегі басшы болып істесе де билікқұмар, мансапшыл шенеунік болған жоқ. Қолы ашық, жайсаң жан қалпын жоғалтпады. Өтірік айтқанды ұнатпайтын. Қандай да болса ащы шындықты талап ететін. Жолдастарын ешқашан жерге қаратып көрмеген адам.

Сырдария ауданының құрметті азаматы, облыстың құрметті ардагері, Ембергенов Хамит қажы өз замандасы әрі әріптесін былай деп еске алады.

«Нәкен өте қарапайым, мінезге бай, мәдениетті, парасатты азамат еді ғой. Қадрларға бірдей көзқараспен қарайтын, талғамайтын, біреуге қиянат жасап, дауыс көтеріп, дөрекі мінез көрсеткен емес. Нағыз маркасқа, бекзат, зиялы, жаны жайсаң, жомарт, жүрегі кең, дархан, яғни барлық теңеуге лайық еді. Мұндай қасиет екінші бірік де болмайтыны анық.

Оның көп жыл хатшылық қызметте жүріп, мол тәжірибе жинағаны, басқару стилі мен әдісін жақсы меңгергені, халықпен, кадрлармен тіл табысып, жақсы қарым-қатынаста болғаны анық байқалып, сезіліп тұратын. Сол ауыр жылдары шаруашылық жұмыстармен саяси-көпшілік жұмыстармен ұштастыра жүргізіп, қиыншылықтан шығудың жолын тауып, ауданның өркендеуіне аянбай тер төгіп, қажымас қайраттың үлгісін көрсетті. Өзінің іскерлігімен, талапшылдығымен, ұйымдастырушылық қабілетімен танылды. Н.Ергешбаевтың елге істеген табанды да жемісті еңбегі ел есінде».

Осындай жомарт ағамыздың атында Қызылордада көше бар. Былтыр жыл соңында 90 жылдық мерейтойы қарсаңында қаладағы орта мектептің біріне ағамыздың есімі беріліп, ауласына бюст орнатылды.

Нәкен тек білікті басшы, ұйымдастырушы әрі қамқор тәрбиеші ғана емес, сонымен бірге сүттей ұйғыған отбасының отағасы, тірегі де бола білді. Асыл жары Шынығұл жеңгемізбен бірге ақылды да парасатты ұл-қызылар ер жеткізді. Барлығына да жоғары білім берді. Қызы Шынар – педагогика ғылымдарының кандидаты, жоғары дәрежелі әдіскер. Ұлдары Мұрат, Жомартпен Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдіктерінде бірге қызметтес болдық. Қызмет бабы бойынша Әдікбадырмен де кездестік. Ол аймақтың дамуына көп үлес қосуда.

Мен ағамызбен ресми, хаттамалық шараларда, шақырылған жерлерде, дастарқан басында да, Кавказда демалыста да, тұрмыста да, басқа да жағдайларда бірге болдым. Есімде адал, жүзі жарқын, тілегі тұзу, көңілінің шуағы бәріне жететін жаймашуақ мінезді аға ретінде қалды.

Осындай халқына қалтқысыз қызметімен, адамдармен қарым-қатынаста адал, адамгершілігі мол, өз биігіне шынайы көтерілген қазақтың айтулы азаматтарының бірі – Нәлқожа ағамыздың өнегесі ұмытылмайды. Мұндай адамдарға халық «аузын ашса, жүрегі көрінетін еді» деп баға береді.

Кеңес МАХАМБЕТОВ.
Нұр-Сұлтан қаласы



Бейсенбі күні Астана және Жеңіс көшелерінің қиылысында «Astana Plaza» жаңа сауда орталығы ашылып, қала ажарын толықтырды. Заманауи нысанның ашылуына қала әкімінің орынбасары Асқарбек Есжанов қатысып, кәсіпкерлікті дамыту бағдарламалары еліміздің барлық өңірінде қолдау тауып отырғанына тоқталды.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»

Жаңа сауда орталығы



– Мемлекет басшысы ұлттық экономиканың жетекші күші – кәсіпкерлікті жан-жақты қолдауды басты міндеттің бірі ретінде қойып отыр. Бүгінде өз ісін өркендетем деушілер осы мемлекет ұсынған жеңілдіктерді тиімді пайдалануда. Бұл – сауда орталығының ашылуы да көрсетілген қолдаудың нәтижесі. Келбеті келісті сауда орталығы алдағы уақытта тұрғындардың сұранысын қанағаттандырып, сапалы қызмет ұсынады деп сенеміз, – деді А.Есжанов.

Кәсіп иесі Бағдат Ибраевтың айтуынша, ғимарат аумағы 5838 шар-

шы метр. Құрылысқа 723 млн теңге қаржы жұмсалған. Қазір сауда орны 30 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Бизнес орталық толық іске қосылғанда 150-ге жуық жерлесіміз тұрақты жұмысқа орналаса алады. Бүгінде орталықта «Food Market» супермаркеті өз жұмысын бастап, тұрғындарға 25 мыңнан астам азық-түлік және тұрмыстық тауар түрін ұсынуда. Сауда нүктесінде келушілерге 3 касса қызмет көрсетеді. Көлік тұрағы да бар.

– Бұл – біз көптен күткен кәсіпкерлік нысандарының бірі. Өзім осы маңайда тұратындықтан, жақын жерден осындай сауда орталығының ашылғанына қуандым. Азық-түлік сапасы көңіл көншітеді, қажетті дүниеңді таңдап жүріп аласың. Жалпы, осындай сауда орындарының, бизнес орталықтардың көбеюі дамудың нышаны деп білемін, – деді қала тұрғыны Айсұлу Нақып.

Мәліметке сүйенсек, бүгінде қалада 22 мыңнан астам шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері белсенді түрде жұмыс істейді. Ол 50344 қызыл-ордалықты тұрақты жұмыспен қамтуға мүмкіндік беруде.

Жасампаз ұрпақ жалғастығы

Ел Президенті Қ.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында «Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу» деп атап көрсетуі жалпы педагогтар қауымының шәкірт тәрбиелеудегі еңбегінің көрсеткіші болмақ.

Қалыптасқан жағдайға қарамастан, бұл күндері ұстаз қауымы

талмай еңбек етуде. Ұстазды құрметтеу – білімді құрметтеу деп түсетін мемлекет мұғалімдердің жағдайын жасауды тасада қалдырып жатқан жоқ. Өткен оқу жылынан бері халықты әбігерге салған індет білім саласына да өзгерістер әкелді. Оқушы мен ұстаз арасын алшақтататын онлайн оқу жүйесіне көштік. Бірақ ұстаздар қиындықты жеңе білді, мемлекет тарапынан да ұстаздарға үлкен қолдау болды. Бұл келешек ұрпақ үшін жасалған қадам деп білемін.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қар-

саңында жас ұрпаққа тәуелсіздік қадірін ұғындыру үшін әртүрлі шаралар ұйымдастырып, насихаттайтын боламыз. «Алты Алаштың басы қосылса төр – ұстаздыкі» деп Мағжан ақын айтқандай, бала тәрбиесін ең жоғары сатыға көтеруде өзін еңбек етіп жүрген №140 мектеп мұғалімдері сапалы білім, улағатты тәрбие беру жолында өлшеусіз еңбек етіп келеді.

Әсия АБЕКОВА,
Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебінің мұғалімі

«Мектеп – бала – отбасы» үштігі

Мектептің ата-аналармен жүргізетін жұмысының ерекшелігі екі жақты байланысы мен әрекет бірлігінің тұрақтылығынан көрінеді. Бұл тұрақтылықты ең алдымен сынып кураторы қамтамасыз етеді. Ол мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты ұйымдастыруда жетекші қызмет атқарады. Дегенмен, мектеп оқушыларымен жұмыс істеу көп ізденуді, еңбек етуді қажет етеді. Әсіресе сынып кураторына жүктелер жауапкершілік мол.

Бұл жұмыс өте ұзақ мерзімді қажет етеді. Ол үшін отбасын және оның тәрбиесіндегі ерекшеліктері мен жағдайын жан-жақты әрі жүйелі зерттеу қажет.

Е.Әуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатында әртүрлі іс-шаралар өткізілуде.

8-сынып ата-аналарымен бірге «Жүзден жүйрік – мыңнан тұлпар»

атты отбасылық сайыс ұйымдастырылды. Бұл сайыстың мақсаты – мектеп-интернат тәрбиеленушілері ата-аналарының педагогикалық белсенділігін арттыра отырып, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Ата-аналармен тұрақты байланыс орнату барысында «Мен өмірді сүйемін» атты тренинг, «Математика – ақыл-ойдың әуені» атты сайыс-сабақ өткізілді. Сонымен бірге сы-

Тергеуші қажетті құжаттарын сөмкесіне салып, Байболовтың денесі табылған жерге жақын орналасқан үйлерден жауап алуға шықты. Көрім, білдім деген жан жоқ. Тек жасы жетпістен асқан, ішкі істер органынан зейнетке шыққан Жақып қария ғана «Диабетпен ауырамын, сол күні таңертең сағат төрттер шамасында аулаға шыққанмын. Дәретхана жаққа барғанымда көшеде адамның аяқ дыбысын естідім. Қора қаңылтырмен биік етіп қоршалғандықтан ол адамды мүлдем көре алмадым. Түшкірді. Әйел адамның түшкірісіне ұқсаттым» деді

– Саулебеков Самал туралы не айтасыз?

– Жаман жігіт емес, жас кезінде біреулерге еріп, тентектік жасап, сотталғаны болмаса.

Сұрастыру жұмыстарын жүргізген тергеушіге сол маңдағы көршілер де «Самалдың ешкімге зияны жоқ жігіт» дегенді айтты.

Зейнет жасындағы анасы:

– Самал үйде жоқ, милиция үйге келгенде сарайға тығылып қалып, ол кеткен соң көшеге шығып кетті. Қайда кеткенін білмеймін. Өзіміз де таба алмай отырмыз, баламды кінәлі деп ойламаймын, – деп жауап берді де, келінінің мектепте мұғалім болып жұмыс істейтінін айтты. Келініне арнайы шақыру қағазын тастап, тергеуші Байболовтың үйіне қарай беттеді. Көршілерден Байболовтың отбасы, кәсібі, мінезі, араласатын ортасы туралы жауаптар алып болған соң, тергеуші криминалисті күтті. Ондағы ойы – Байболовтың үйіне тексеру жүргізу. Көп кешкіртпей тергеу чemoданын алып криминалист Алдоңғаров та келіп кетті.

Үйде Байболовтың Ақтөбеден келген ұлынан басқа адам жоқ. Тергеуші келген мақсаттарын түсіндіріп, екі көрші-күергерлердің қатысуымен тексеруді бастап кетті. Тексеру барысында тұрғын үйдің ас дайындайтын бөлмесінен ағаш сапты балта, ыдыс қоятын шкафтың астыңғы сөресінен консерві қалбырына салынған төрт дана темекі қалдығы, шкафтан бес дана, «Мөлдір» арағының бөтелкесінен үш, екі стаканнан бір-бірден қол саусақ іздері алынды. Қалалық ішкі істер бөліміне келген сәттен тергеуші дереу биологиялық, физика-техникалық, криминалистикалық сараптамалар тағайындады да, Саулебеков пен оның әйеліне қоятын сұрақтардың жоспарын жасауға кірісті.

Тактикалық жағынан алғанда дұрыс болар деген оймен жауап алуды Саулебековтің әйелінен бастады. Мектепте мұғалім болып жұмыс істейтін әйелі күйеуінің еш кінәсінің жоқ екенін, милиция іздеп келгенде сарайға тығылып қалып, олар кеткен соң қашып кеткенін, түнде үйге тығылып келіп, Байболовтың үйінде онымен денесі табылардан екі күн бұрын екі бөтелке арақ алып барып, біреуін толықтай, екіншісін жартылай ішкенін, оған темекі алып бергенін, ертеңіне Байболовты мүлдем көрмегенін айтқанын жеткізді.

Жауап алу хаттамасына қол қойдыра бергенде кабинеттегі телефон шыр етті. Телефон тұтқасын көтерген тергеушіге кезекшінің көмекшісі:

– Бір әйел тергеушіге кіремін, болмаса бастыққа шығамын деп айқай шығарып жатыр, не істейін? – деді.

– Сал кідіре тұрсын.

Тергеуші Саулебековтің әйеліне хаттамаға қол қойдырып шығарып салғалы жатқанда кабинетке кіріп келген Байболовтың әйелі тергеушіге: «Кеше неге рұқсатсыз...» деп айқайды бастап келе жатыр, жас келіншекке көзі түсті де: «Қарабет, оңбаған! Қанішер байынды қайда тығып қойдың?» деп айқайды үдете түсті. «Ана! Күйеуімнің еш кінәсі жоқ» деуге ғана шамасы келген келіншек қол

орамалымен бетін басқан күйі жылап кабинеттен шығып кетті.

Енді тергеушіге қарап:

– Мен жоқ кезде үйдің астан-кестенін шығарып тінтуге қандай хақыңыз бар, балтаны неге рұқсатсыз аласындар, погон тақтындар бітті, ойларыңа келгенді істеулерің керек пе, мен баратын жерге



барамын. Көрсетемін әлі! – деп долданған ол кабинеттен шығып бара жатып:

– Балтамды беріндер, отын жаруға керек, – деді.

– Ана! Үйіңізге барғанда біз тінту емес, оқиға болған жерге қарау жүргіздік. Ол бұндай жағдайда міндетті түрде жүргізілетін тергеу әрекеті болып саналады. Балтаңызды зерттеу жүргізіп болған соң өзіңізге қайтарып береміз. Кешіктірмей қайтарып береміз.

– Олай болса, мен дәл осы тұрғанда бастықтарыңа кіремін.

Ол есікті тарс жауып кабинеттен шығып кетті, бірақ ол ертеңіне жауап беруге келетінін білмеген еді. Келесі күні тергеуші Байболовтың әйелі Каримадан жауап алды.

– Сіз Рүстем қайтыс болған күні жұмыста болдым дедіңіз ғой?

– Иә. Не енді адам өлтірген қанышерді қамауға алудың орнына менен қалқитенейін дедің бе?

– Біздің бастықтар да қызық, мынадай аса ауыр қылмыс болған кезде жұрттың барлығын қылмыскердей көреді де жауап ал, жауап ал деп шаршатады. Сіз күйеуіңіз қайтыс болатын күні жұмыста болдыңыз ғой?

– Иә. Менің жұмыста болғанымды растайтын дәлел кезекшілікті қабылдап алу мен өткізу журналында тұр.

– Оныңыз рас. Мен арнайы адам жіберіп тексерткенмін. Кезекшілікті Исмайловтан қабылдап, Өміртаевқа тапсыруыңыз керек.

– Иә. Сол шалға тапсыруым керек.

Тергеуші өзінің позициясын білдіріп қоймау мақсатында іске тікелей қатысы жоқ, жауабын алдын ала тексеру арқылы өзі біліп отырған жанама бірнеше сұрақтар бере бастады.

– Кезекшілікке қай кезде түссесіздер?

– Кешкі алтыда.

– Күйеуіңіздің қайтыс болғанын кімнен естідіңіз?

– Участковый адам жіберіпті. Суық хабарды естігеннен кейін есім шығып, оның кім екеніне де мән бермеппін.

– Кешкі асты үйден дайындап барасыз ба?

– Ол жерде ас дайындауға жағдай жоқ. Үйден дайындап барамын.

– Кезекшілікте неше кісі болып тұрасыздар?

– Бұрын ЦКЗ жұмыс істеп тұрғанда бірнеше адам тұратын. Қазір қақпада бір адамнан ғана тұрамыз.

– Күйеуім үйде жоқ болатын. Палауды

қарапайым әрі болбырлау екен» деген оймен кабинеттен шықты.

Әйелден күдік ала бастаған тергеуші терезеден сырттай бақылап тұрғанда қалалық ішкі істер бөлімінен көшеге шығып бара жатып, үш рет бас шұлғығанын көріп «Тағы да түшкірді-ау» деген ойға келді.

Кешкілік, оңашада жұмыс істеуді ұнататын тергеуші кабинетінде Карима туралы ойлап отырғанда есікті жұлка ашып жедел уәкіл Руслан енді.

– О-о-о! Шеф іште екеніңді терезе жарығынан білдім. Бүгін бір қызық оқиға болды. Ана шошқабай екеуміз...

– Кімді айтасыз? Шошқабайы кім? – Ей... Өткендегі участковыйды айтам. – Қай участковый? – Шымбайдағы ше. – Ол қалай Шошқабай? Атын басқаша айтқан еді ғой?

– Әй-й...братишка, участковыйларды біздің жаргонда сөйтіп айтамыз ғой.

– Сіз қызмет жасап келген түрмеде болмаса, бізде ондай жаргон жоқ.

– Короче, братишка. Өткендегіге ты не обесудь. Мен обращениемді айтайын.

– Ойбай, Реке, не болып кетті, айтыңыз. Не себепті келдіңіз?

– Короче, шошқабай, өй... участковый екеуміз Карикке барғанбыз.

– Карик кім еді?

– Уф-ф-ф. Карима қатынды айтамын. Тергеуші түсінді.

– Содан?

– Ящик тұрған жер бар ғой? Речкада тұрған варенчелердің бірнешеуін барқастан асырып лақтырып, жынданып бізді қуып шықты. Ертең бастықтарыңа барамын дейді.

– Реке. Ящик, речка, баркас деп жатқаныңызды онша түсінбедем. Ол болса «түсіндіруден шаршадым ғой» дегендей екі қолын кеуде тұсына дейін көтеріп, сылқ етіп тастап жіберді де сөзін жалғады: – ШІ-о-о., участковый екеуміз север жақтан бара жатып, речкадан..

– Севері несі тағы? Нормально тілмен айтыңызшы.

Ол басын шұлғып алып, сәл ойланып тұрды да:

– Короче. Туалет жақтан бара жатып ре-е, өй, терезеден Кариктің бутылкадан қырлы стаканға жартыдан асыра қуыып арақ ішкенін байқадық. «Оп-по-о-о» деп ішке кіргеніміз сол, айқай басталды. Линолеум төсейін деп жатыр екен. Терезе алдында тұрған варенчелерден бірнешеуін алды да дастарханнан асырып телевизор тұрған жерге жарды да тастады. «Да ну-у» деп тайып тұрдық. Карик таза жымыс екен. Если что, байқа дегенім ғой, братишка. Еше қайтыс болған күйеуінің бірінші қатыны болған. Онан ер жетіп қалсаң улы бар екен. Ұлыңмен неге араласасың деп ұрыс болып тұрады екен. Информация ғой, братишка. Сол жөнінде сұрастыруға барғанбыз ғой.

Жедел уәкіл шығып кеткеннен кейін тергеуші ойға қалды. Неге линолеум ауыстырады, бұрын неге істемеген, неге сонша ашуланып, банка лақтырады, неге арақ ішуде деген сауалдар мазасын алды. Тергеуші жәбірленушінің үйіне тінту жүргізу керек деген ойға келді.

Іс құжаттарын тексеріп, тергеушінің келтіріп отырған дәйектерін тыңдап шыққан прокурордың тергеу ісін қадағалайтын орынбасары Мақсатов:

– Мен келесімін, тінтуді дереу жүргізу керек, өзім де қатысамын, – деді.

– Мақұл, Мақс. Қолдағаныңызға рахмет.

...

Тінту жүргізілгеннен кейін үш күн өткен. Кариманы жұмыс орнынан алдырған тергеушіге ол дұрсе қоя берді.

– Неге қылмыскерді қамауға алмағансындар. Жүр ғой талтандап.

– Апа!і! қылмыскерді дәл осы сәтте

Меншік иесі  жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)	Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялындар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетіне тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.		
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.		e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz	Таралымы 27804	Тапсырыс №291	Кезекші редактор Әділжан ҮМБЕТ